



Ырыстың кені — Алтын күз

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№163-164
(20237-20238)



23 қазан, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz


2

Жыр алыбы
дәріптеле береді




3

Баптай білсен,
жер жомарт




5

Періште



8

Халықаралық
турнир басталды



● ПРЕЗИДЕНТ

Жалпыұлттық бірлік – қуатты мемлекет болудың басты кепілі

Ақорда резиденциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс форматында Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасқанын және оның тиімділігін әлем қауымдастығы мойындағанын атап өтті.

– Қастерлі Отанымызда түрлі мәдениеттердің үйлесім тапқаны – соның айқын көрінісі. Бұл – біртұтас ұлт болып ұйысуымыздың басты қағидаты әрі айнымас стратегиялық бағдарымыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз Жолдауында ел бірлігін нығайта түсу қажеттігіне айрықша мән бергенін еске сала отырып, осы маңызды бағытта Ассамблеяның басты рөл атқаратынын айтты.

2-бет

Қалпына келу үдерісі қарқынды

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Асқар Маминді қабылдады.

Президентке Қазақстанның экономикалық өсім қарқыны, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын тұрақтандыру шаралары, елдегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал мен басқа да өзекті мәселелер туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы Қазақстан экономикасының қайта қалпына келу үдерісі қарқынды жүріп жатқанын атап өтті. Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің өсімі 3,4 пайызға құрады. Дер кезінде дағдарысқа қарсы қабылданған шаралардың арқасында экономика қайта қалпына келді.

Асқар Маминнің мәліметіне сәйкес нақты сектордағы тұрақты өсім 3,5 пайызға өсті, сондай-ақ карантин шектеулерін жеңілдету нәтижесінде қызмет көрсету секторының біртіндеп қалпына келуі экономиканың қайта өсуін үдетті. Бұл ретте, өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемі 5,7 пайызға артты. Құрылыс саласы 9,7 пайызға ұлғайды. Елімізде 9 айдың ішінде 10,4 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 8 пайызға жоғары.

Премьер-Министр Мемлекет басшысына әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мен Инфляцияға қарсы іс-қимыл шараларының жүзеге асырылуы жөнінде айтты.

Үкімет агроөнеркәсіп кешені секторында құн қалыптастырудың барлық тізбегі бойынша бағаны тұрақтандыру, сауда желілері мен отандық тауар өндірушілері арасында ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау, тауар айналымын қаржыландыруды күшейту және тұрақтандыру қорына азық-түлік сатып алуды арттыру, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің сауда үстемесін жоғарылату фактілеріне жол бермеу шараларын қабылдап жатыр.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жөнінде ақпарат берілді. Қазіргі таңда барлық аймақтарда коронавирус жұқтыру деңгейі төмендеген, ауыр науқастардың, стационарларда және амбулаторлық ем қабылдап жатқандардың саны азайған. Вирустың таралу индексі – 0,96. Жұқпалы ауруханалардың 37 пайызында, жансақтау бөлімдерінің 31 пайызында науқастар ем алып жатыр. 8,1 миллион адам екпенің бірінші компонентін, 7,2 миллион адам екпенің екінші компонентін алған.

Асқар Мамин Президентке сыртқы және ішкі инвестициялардың көлемін арттыру, шағын және орта бизнестің әлеуетін ұлғайту, аймақтарды өркендету, өңдеуші секторды дамыту және кеңейту есебінен экономиканың құрылымдарын одан әрі әртараптандыру жөнінде қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басқа да өзекті мәселелері бойынша баяндалды.

МӘУЕЛІ МАУСЫМДАҒЫ МЕРЕКЕ САЛТАНАТЫ



Күз – молшылық пен береке мезгілі. Көктемнен ала жаздай егін даласында тынбай еңбек еткен дикан қауымының төккен терден несібе теретін шағы. Жер-Ананың сол берген ырзығын төкпей-шаппай жинап алу – басты мақсат. Бұл күні дала төсінде дүбірлеген еңбек саябырсып, қамбаға алтын астық жиналып бітті. Быыл шаруалар үшін оңай болған жоқ. Су тапшылығына қарамастан дикандар табандылық танытты. Дәстүрге сай қоныр күзде дала еңбеккерлеріне арналып «Алтын дән» мерекесі өтеді. Бұл – егіннің ебін, түліктің тегін танытын шаруа қауымының жетістігін әйгілейтін күн.

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен күзгі егін науқаны жұмыстарын қорытындылайтын «Алтын дән – 2021» мерекелік шарасы өтті.

Сб Айгүр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары Гүлжахан Бимендина, қала, аудан әкімдері, «Қазақстан Фермерлер Қауымдастығы» қоғамдық ұйымының Қызылорда филиалының төрағасы Өмірхан Пашкенов, сала үздіктері және онлайн форматта 250-ге жуық шаруашылық өкіл қатысты.

Аймақ басшысы өтпелі кыныдықтарға қарамастан, ел қамбасын астыққа толтырып, мол өнім алуда қажырлы еңбек еткен шаруашылық өкілдеріне алғыс айтып, ілтипат білдірді.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ең сенімді валюта – азық-түлік» деген сөзі бар. Уақыт өткен сайын ауыл шаруашылығының ел экономикасындағы мәні мен маңызы артып келеді. Тәуелсіздігіміздің



Суретті түсіріп Бағдат Есжанов

30 жылдығы қарсаңында облыс дикандарының биылғы вегетация кезінде су тапшылығына және басқа да кындықтың бәрін еңсере отырып, аянабай еткен еңбектерінің арқасында 500 мың тоннаға жуық Сыр күріші ел қамбасына құйылды. Биылғы маусым-шілде айларындағы ауа

райының ыстығына, суармалы судың тапшылығына қарамастан, маңдай терін төгіп, адал еңбектің үлгісін көрсеткен дикандарымызға қандай мадақ айтсақ та жарасады. Өздеріңізге барша Сыр жұртшылығы атынан алғысымды білдіремін! Былтыр өнірде 143,6 млрд тенгенің ауылшаруашылық өнімі

өндірілсе, биылғы 9 айда 118,5 млрд тенгеге жетіп, өсім 2,4 пайызды құрады. Тамақ өнімдерін өңдеу көлемі 41 млрд тенгеге жетіп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 12,5 % - ті құрады, – деді облыс әкімі.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



Жер үлесі: Күрмеу кілті қайда?

Кеше Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» облыстағы жер үлестерінің мәселесі бойынша мәжіліс өткізілді. Отан облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары Гүлжахан Бимендина, басқарма басшылары, аудан әкімдерінің орынбасарлары мен үлестерлер қатысты.

Сб Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов сөз басында өңірдегі егіншілік жерлер инженерлік жүйеге келтірілген суармалы егістікке негізделгенін атап өтті. 2004-2005 жылдарда жерді игеру шығынының жоғары болуы байқалды. Сол кезеңде қабылданған Жер кодексінің ереже тәртібіне сәйкес шартты жер үлестерінің иелері оны шаруашылық серіктестерінің жарғылық капиталына салым есебінде рәсімдеуге мүмкіндік алды.

Облыста инженерлік суармалы егістік көлемі – 178,6 мың гектар. Шаруа қожалықтары мен серіктестіктер оның 95 пайызға жуығын (170 мың гектар) пайдаланады. Бұл бағытта 958 агроқұрылым жұмыс жасайды. Онда 61 мыңнан астам үлестер бар. Дегенмен, 2015

жылдан бастап жер үлесін құралған 13 агроқұрылымда жер үлесімен бөліну, құрылтайшылар, банк кепілі және өзге де мәселелер бойынша даулар туындады. Олардың біркатары сот тәртібі және өзара келісім бойынша шешімін тапты.

Кейінгі 15 жылда аталған үлестерден құралған ірі шаруашылықтар материалдық-техникалық базасын нығайтты. Бұл мақсатта инвесторлар тартылып, табысты өндіріске көшіп, егістік жерлерге сұраныс артты. Кейбір шаруашылықтарда үлестерлер бұған дейін берілмей келген

дивидендін өтеуді талап етуде. Сондай-ақ, олардың тарапынан жарғылық капиталдағы үлестің теңсіздігі жөнінде сын айтылады. Өзге де жанама әсерлер салдарынан наразылық жағдайы көрініс беруде.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлының айтуынша, мұндай проблема еліміздің егін егетін өңірлеріне тән. Сондықтан аталған түйткіл өзектілігін жойған емес.

2-бет



Жалпыұлттық бірлік – қуатты мемлекет болудың басты кепілі



– Кейінгі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы әртүрлі этникалық топтарды қорғауға және олардың мүдделерін ілгерілетуге бағытталған деген пікірлер жиі айтылады. Бірақ бұл – еліміздегі оның мәні зор екеніне берілген біржақты түсінік. Шын мәнінде, Ассамблея ұлт бірлігін нығайтудың нақты ортақ мемлекеттік идеясының төңірегіне жұмылдыра алды. Ассамблеяны құрудың арқасында өте күрделі проблеманың – этникалық мәселені саясиландырудың алдын алу тетіктері пайда болды, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Ассамблея халықтың тұтастығын нығайтуға, қазақстандықтарды қоғамдық-саяси өмірге жұмылдыруға, мемлекеттік тіл мен оның Қазақстандағы мәртебесін ілгерілетуге және азаматтық белсенділіктің жаңа формасын қалыптасуына қосқан үлесін атап өтті.

Сондай-ақ Президент этникалық саладағы проблемалар деструктивтік мақсатта пайдаланылып кетуі мүмкін екенін айтты.

– Өкінішке қарай, этникалық факторлар, ұлтаралық қатынастар, әсіресе дағдарыс кезінде түрлі қақтығыстардың ошағы болуы мүмкін екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Оның деструктивтік әлеуеті ақпараттық және гибридісті соғыстардың, жиі жасалатын популистік мәлімдемелердің, алып-сатарлық пен ашық арандатушылықтың қазіргі дәуірінде айтарлықтай күшейе түсті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент этносаралық келісім экономикаға және адамдардың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді деп есептейді.

– Елдегі тұрақтылықты сақтау үшін мәдениет пен білімнің, ақпараттық қауіпсіздіктің маңызы зор. Біз бұл бағыттағы мемлекеттік саясатты жан-жақты әрі тиімді, яғни инклюзивті болуын қамтамасыз ететін жүйелі шаралар

1-бет

қабылдадық. Осы мақсатта арнайы құрылымдар жасакталды. Дегенмен, этносаралық келісімді нығайту ісінде әрбір министрлік пен мекеме айрықша рөл атқарады. Әсіресе, әлеуметтік саладағы саясаттың орны бөлек. Шын мәнінде, этносаясатқа құзырлы органдар ғана жауап бермеуі керек. Алдағы міндеттерді табысты орындау үшін мемлекет пен қоғам бірлесе жұмыс істеуі қажет. Сонда ғана біз халқымыздың береке-бірлігін сақтап, мемлекетімізді нығайта аламыз. Тұрақты дамудың және өсіп-өркендеудің бірден-бір жолы – осы, – деді Мемлекет басшысы.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдар мен Қазақстан халқы Ассамблеясына бірқатар басым міндет жүктеді. Ең алдымен, мүмкіндіктердің тең болу қағидатына негізделген аймақтық дамуды қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аударды. Соның ішінде этникалық аңқалардың туындауына, мәдени және тілдік кедергілерге, этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарға әкеліп соғатын әлеуметтік-мәдени оқшаулануға қатысты қатерлерге тоқталды.

Мемлекет басшысы мұндай қатерлердің алдын алу үшін еліміздегі қалалар мен ауылдарда, оқшауланған этникалық аудандар мен кварталдардың қалыптасуы сияқты жағымсыз тенденцияны еңсеруге бағытталған жүйелі шаралар әзірлеу қажеттігін айтты. Сонымен қатар, бірқатар аймақта этникалық топтардың қазақстандық шынайы өмірден алыстауына байланысты «ішкі эмиграция» үрдісі байқалып отырғанына назар аударды.

– Бұл үрдіс этникалық топтардың Қазақстан қоғамына толық интеграциялануына кедергі келтіруі мүмкін. Мұндай күрделі әрі проблемалы жағдайлар туралы ашық айтылуы керек деп ойлаймын. Бұл проблемаларға көз жұмуға болмайды. Әйтпесе, бұл келенсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін және туындаған мәселелерге шынайы

баға бере алмаймыз. Мемлекет этникалық топтардың әлеуметтік-экономикалық интеграциялану саясатын жүргізіп, осы негізде кез келген шиеленістің жанжалға ұласпауы үшін алдын алатынын ерекше атап өткім келеді. Мұндай жанжалдардың бәрі теріс пиғылды арандатушылардың ісі екенін жақсы білеміз. Ондай арандатушылармен күресеміз және оларға аяушылық болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, этносаралық қатынастар саласындағы жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімділігін арттыру – маңызды міндет. Осыған байланысты бейбітшілік пен келісімді нығайту үшін азаматтық қоғам институттарын жан-жақты қолдау қажет. Тиісті лауазымды тұлғалар олардың қызметін үйлестіруге тікелей жауапты болады.

Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдардың тағы бір басым міндеті ретінде әлеуметтік, қылмыстық, тұрмыстық жанжалдардың алдын алуды атады. Президенттің пайымдауынша, этникалық астамшылықтың барлық көрінісі, қандай да бір кемсітушілікке, қоғамдық тәртіпті бұзуға жол бермей, ішкі тұрақтылықты заңға сәйкес қамтамасыз етуі керек.

– Біздің бірлігімізге зиян келтіруді көздейтін сырттағы және ішкі теріс пиғылды адамдардың, түрлі авантюристтердің, жауапсыз әрі қабілетсіз саясаткерлер мен сарапшылардың жетегінде кетпеу маңызды. «Ит үреді, керуен көшеді» деген сөз бар. Біртұтас қоғам ретінде біздің ұстанымымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Алайда бұл әрекет етпей отыр дегенді білдірмейді. Біздің қоғамға және мемлекетімізге қарсы арандатушылықтың барлық түріне құқықтық әрі ақпараттық құралдар арқылы тойтарыс беру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ҚХА қызметін одан әрі дамыту мәселесіне арнайы тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық Аналар кеңесін құрудың маңызды екенін атап өтті. Аталған Кеңес еліміздің бірлігі мен татулығының өзегі саналатын құндылықтарды жастардың бойына дарытуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы «Жаңғыру жолы» қозғалысын Ассамблея жанындағы республикалық жастар ұйымы ретінде қайта құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынып, жастармен жұмыс жүргізудің маңызды екенін айтты. Бұл ретте, ҚХА жастарының орман алқаптарында 2 миллиард ағаш егуге және елді мекендерде 15 миллион көшет отырғызуға белсенді қатысатынына сенім білдірді. Президент жастар саясатының өзектілігіне мән бере отырып, Ассамблеяның кезекті сессиясын осы тақырыпқа арнауды ұсынды.

Президент Ассамблеяның әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдау тәсілдерін дамыту мәселесіне көңіл бөлді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Достық үйлерін мәжіліс пен салтанатты жиындарды өткізу залдары емес, ҚХА-ның халық бастамаларының ресурстық орталықтары мен жобалық кеңселеріне айналдырған жөн. Ал этномәдени бірлестіктер бұл жұмысқа белсене атсалысуы керек.

Мемлекет басшысы Ассамблеяны этникалық мәселелер жөнінде оң пікір қалыптастыратын сапалы әрі креативті және тиімді ақпараттық жұмыс жүргізуге шақырды.

– Өңір басшылары жергілікті ассамблеяның жетекшісі ретінде ақпараттық кеңістікте белсенді болуы қажет. Ассамблея мүшелері медиасалада, соның ішінде әлеуметтік желіде өз ұстанымын қорғай білуге тиіс. Еліміздегі бірлік пен татулыққа қарсы айтылған бір де бір сөз жауапсыз қалмауы керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев этносаралық саладағы ғылыми негізделген тәсіл – мемлекеттік саясаттың бастауы болуы тиіс екенін айтты. Оның пікірінше, бұл аса күрделі бағытта дипломаттық пен популизмге жол бермеу қажет. Ал елімізде және одан тыс жерлерде туындайтын барлық құрлықтарға ғылыми дәлелдер мен нақты сандарға сүйене отырып, салмақты жауап берілуі қажет.

– Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне интеграция, жалпы ұлттық бірлік, этносаралық қатынастарды үйлестірудің өзекті мәселелері бойынша пайдалы зерттеулер жүргізуді тапсырамын. Үкімет бұл бағытта қажетті қолдау көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, жалпыұлттық бірлік қуатты мемлекеттің кепілі екенін айтты.

– Біз отаншылдықты, өзара сыйластық пен татулықты жан-жақты дәріптеуіміз керек. Бұл – мемлекеттің ғана емес, барша азаматтарымыздың ортақ міндеті. Жалпыұлттық бірлік – қуатты мемлекет болудың басты кепілі. Егемен еліміздің баға жетпес байлығын кейінгі ұрпақ үшін сақтай білуіміз керек. Осы жауапты міндетті абайсыман атқарасыздар деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Жыр алыбы дәріптеле береді

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығын атап өту жөніндегі мемлекеттік комиссияның кезекті отырысы өтті. Жиынға Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов және барлық облыс пен республикалық маңызы бар қала әкімдері қатысты.

Мемлекеттік хатшы өз сөзінде Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы елдігімізді айшықтап, бірлігімізді көрсететін айтулы оқиға екенін, алдағы жоспарланған іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу қажеттігін айтты.

– Ақынның мерейтойы жас ұрпақты тәрбиелейтін, ұлттымызды ұйыстыратын, жұртшылыққа ой салатын тағымылы мол, тәлімі зор, тәрбиелік мәні бай шара болуы тиіс, – деді Қырымбек Көшербаев.

Комиссия отырысында Мәдениет және спорт министрі, Ақпарат және қоғамдық даму министрі, Білім және ғылым министрі сонымен қатар, Алматы облысының әкімі Аманжол Баталов пен Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев ақын мерейтойын атап өтуге қатысты жоспардың орындалу барысы жөнінде баяндады.

Жиын соңында Мемлекеттік хатшы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпы республикалық жоспарды орындауды жалғастыруды және белгіленген іс-шаралардың сапалы өткізілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Айта кетейік, Қызылорда облысында ақын, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспары бекітіліп, 130 іс-шара, оның 100-і онлайн, 30-ы офлайн форматта ұйымдастырылды.

Мәдениет ұйымдарында ғасыр жасаған тұлғаның шығармашылығын насихаттау осы жылдың ақпан айында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында «Жыры әлемді шарлаған – Жамбыл» атты кен көлемді кітап көрмесімен ашылып, жыл көлемінде «Ұлы Даланың жырышысы» тақырыбында кітап көрмесі, «Әлемге аян жырлары», «Жырлансын, Жамбыл жырлары», «Тыңда, дала, Жамбылды», «Жыр алыбы – Жамбыл» атты дәстүрлі орындаушылардың концерттері мен жыры-термешілердің фестивалі, «Жүз жасаған бәйтерек» атты облыстық эссе жазу байқауы мен ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан сайыстар, «Жамбыл – ғасыр ақыны», «Ұлы Дала Жамбылы» атты әдеби кештер мен дөңгелек үстелдер өткізілді.

Сыр елі жырышы-жырауларының қатысуымен өткен «Жырлансын, Жамбыл жырлары» атты кеште Жамбыл жырлары сыр мақамдары арқылы дәріптелді.

Сондай-ақ, «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты Алматы облысындағы Ж.Жабаевтың әдеби-мемориалды музейінің Қызылорда қаласында жылжымалы көрмесі ұйымдастырылып, облыс жұртшылығы ақынның ұстап-туынған жеке заттары мен шапанын, домбырасын, кітаптарын көруге мүмкіндік алды. Шараға ақынның немересі мен шөбересі қатысты.

Білім беру ұйымдарында «Жамбыл Жабаев – Ұлы Даланың алып жырышысы» атты оқушылар айтасы, «Жамбыл болып менде сойлейін, Жамбыл болып өлен ерейін» атты жыр мұшайрасы, «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбында көркемсурет оқу шеберлерінің байқауы, «Жамбыл мұраларын жаңаша бағалау – ұлттық рухани жаңғырудың өзекті мәселесі» тақырыбында онлайн форматта республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай 2021 жылдың қазан айында Тараз қаласында өткен «Көне Тараз күмбірі» атты республикалық фольклорлық ансамбльдер конкурсында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дидаг» халықтық фольклорлық-этнографиялық ансамблі жүзделі үшінші орынды иеленіп, аймақ мерейін асқатқатты.

Бүгінде облыс бойынша Ж.Жабаевтың есімі берілген 2 мектеп, 30 көше бар. 2021 жылдың 27 ақпаны ақынның туған күні қарсаңында аталған білім ұйымдарында іс-шаралар өткізіліп, мектеп оқушылары жалынды жырларын дәріптеді.

Ақынның өмір жолы мен шығармашылығын насихаттау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Өзендердің экологиялық жағдайы айтылды

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікәли Брекешев екі өзеннің – Жайық және Сырдарияның экологиялық жағдайы туралы айтты, деп хабарлайды zakon.kz.

«Жайықтың жағдайы өте күрделі. Біз бұл мәселені бақылауда ұстаймыз, бірақ оңай болмайды. Біріншіден, су аздығы. Жыл бойы су аз. Бұған көптеген факторлар әсер етуде. Қазір біздің мамандар ресейлік мамандармен бірге жұмыс жүргізуде. Таяу уақытта біз Жайық өзенінің су ташышылығы проблемалары бойынша бір шешім табамыз, – деді министр Сенат отырысында.

Оның айтуынша, зерттеу жұмыстарына қажетті қаражат Білім министрлігімен бірлесіп, мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында бөлінеді.

Сырдария және басқа да шекаралас өзендер бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бірақ шешім тек қазақстандық тарапқа ғана байланысты емес. Егер Сырдария туралы айтатын болсақ, онда бұл Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстанмен де байланысты. Мен жуырда ғана Тәжікстанда болдым, онда Тәжікстанның су ресурстары министрімен кездестім, жақын арада – қарашадан кешіктірмей осы жағдай бойынша тағы да келіссөздер жүргіземіз деп келістік, – деп қосты С.Брекешев.

Бұған дейін Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты Траншекаралық өзендер департаментінде Оралдың экологиялық жағдайы туралы айтылған болатын. Бұл мәселе бойынша экологтар да сөз сөйледі. Олар өзеннің таяз болуы экологиялық апат қаупін төндірді деп санайды.

Бақытжан ОТАРБАЕВА

Жер үлесі: Күрмеу кілті қайда?

– Бүгінгі күндері Қызылорда облысының кейбір шаруашылықтарында кездесіп отырған жағдай кезінде заң шығаруға байланысты кеткен олқылық деп бағалауға болады. Ендігі кезекте елдің мүддесін ойлай отырып, оларды жетілдіруге назар аударуымыз тиіс. Депутаттық сапар барысында Солтүстік Қазақстан облысында

Зинченко есімді азамат басқаратын ауыл шаруашылығы құрылымының тыныс-тіршілігімен танысқан едік. Аграрлық сала жұмысын жетік білетін маман бұрынғы шаруашылықты бөлмей сақтап қалған. Үлес иелеріне тиісті дивиденді уақытылы беріп отырады. Мұндай құрылымдар біздің өңірде де бар. Десе де, кейбір шаруашылық басшылары мұндай талаптарды сақтай бермейді. Сондықтан олардың жұмысына наразы болған үлескерлердің бөлініп шығу талабын жеңілдету жағдайына назар аударғанымыз жөн, – деді Сенат депутаты.

Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары Гүлжахан Бимендіна елімізде жерге байланысты мәселелер әрдайым өзекті екеніне тоқталды. Жалпы, Жер кодексіне байланысты ел арасында көптеген ұсыныстар айтылуда. Қазір олардың барлығы жинақталуда.

– Көп жағдайда ұсыныс-пікірлер жерге байланысты үлескерлерге қатысты болып отыр. Олардың шаруашылықтан бөлініп шығуына байланысты көптеген түйткіл кездеседі. Ұсыныс-пікірлер құзырлы орындарда талқыланып, келешекте осыған байланысты қабылданатын заңдарға енгізу жоспарланып отыр, – деді ол.

Облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Медет Усаиннің айтуынша, үлескерлер арасында туындап отырған даулар және оны шешу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылууда. Қолданыстағы заңнамалар

1-бет

бойынша мемлекеттік органдарға кәсіпкерлік нысандарының ішкі мәселесіне араласуға тыйым салынған. Дегенмен, жергілікті әкімдіктер, салалық мемлекеттік органдар прокуратурамен бірлесе отырып үлескерлер арасында шаруашылықтардың үлесін бөліп алудың заңды жолын тұрақты түрде түсіндіріп келеді.

Мұндай жағдай 2019 жылдан бері Қармақшы ауданы III Интернационал ауылындағы «Достық-Жер МК» ЖШС, Сырдария ауданындағы А.Тоқмағамбетов, С.Сейфуллин, Қоғалы-көл және Шаған ауылдарында туындап, бүгінгі күнге дейін өз деңгейінде шешімін таба алмай келеді.

– Бұл жағдай үлескерлердің шаруашылық құрамынан желел түрде өз үлесімен бөлініп кетуіне заңдарда көзделген нормалар мүмкіндік бермейді. Ол заң нормаларының практикалық қолданыстағы әлсіздігін аңғартады. Шаруашылық қатысушыларының жалпы жиналысы мерзімінде өтпейді. Сот процестері әртүрлі сатыда ұзақ қаралды және өзге де себептер жер үлесін бөліп алудың ұзаққа созылуына итермелейді. Осы орайда үлесшілер мәселесінің алдын алу мақсатында заң шығару шеңберінде шаралар қабылдануы тиіс. Атап айтқанда, Жер кодексіне, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңға үлестен тұратын шаруашылықтардағы қатынастарды реттеуге байланысты арнайы нормалар енгізілуі қажет деп санаймыз, – деді басқарма басшысы.

Мамандар үлес иелерінің ұсыныс-пікірлерін жинақтай келіп, аталған нормаларда бірқатар мәселелер қаралғаны дұрыс екенін айтты. Алғашқысы – шаруашылықтан шығу тәртібін оңтайландыру мен мерзімін қысқарту. Жалпы, жиналысқа қатысушылар санында көпшілік жоқ. Сондықтан жиналыс өтпегені жарияланып, мәселені шешу созбалаңға салынады. Осыған байланысты Жер кодексінің 54-бабы

2-тармағында белгіленген жалпы жиналысқа қатысушылар санын 50 проценттен 30 процентке төмендету ұсынылады. Сондай-ақ жиналыс өтпей жасалатын сырттай хаттамаларды жою үшін аталған кодексте негізінде тиісті іс-шаралар қолға алу ойластырылуы тиіс. Ол үшін жиналыс хаттамасына міндетті түрде барлық қатысушылар қолының қойылуы, оны мемлекеттік тіркеу кезінде қойылған қолдың түтел болуын талап ету нормасын енгізу басты назарға алынғаны жөн. Оған қоса жиналысты өткізу мерзімін қысқарту мақсатында аталған кодекстің 101-бабының 4-тармағына өзгеріс енгізіліпті дұрыс.

Үлескерлер құрылтай шартының типтік үлгісін енгізуге байланысты ұсынысын білдіріп келеді. Аталған шарт бойынша жыл сайын үлес иелерін түгендеу, дивиденд мөлшерін нақты белгілеу, бөлінетін жағдайға резервтік үчакесін бекітіп қою, қаржылық ауыртпалық, материалдық-техникалық базасын бөлісу мөлшерін айқындау жөнінде пікірлер айтылды. Құрылтай шартында көзделген міндеттер орындалмаған жағдайда шаруашылық басшысының жауаптылығы белгілеу қарастырылуы тиіс. Тағы бір айта кетерлігі, тұрғылықты мекен-жайын тұрақты өзгерткен (шетелге және басқа өңірге көшіп кеткен) жағдайда жер үлесін сол ауылдың үлесі жоқ азаматтарына беру мәселесі ойластырылғаны артық етпейді.

Мәжіліс барысында Қармақшы, Сырдария аудандары әкімдерінің орынбасарлары Жандос Қойшыбаев, Ғалымжан Еркебай аталған аудандарда жер үлесіне байланысты болған дауларды шешу бағытында атқарылып жатқан іс-шараларға тоқталды. Ал Қармақшы ауданындағы «Ақтобе және Ю» ЖШС директоры Нұрлан Едібаев, Жанақорған ауданындағы «Орда Агротехнология» ЖШС басшысы Керімхан Егізбаев және өзге де азаматтар ой-пікірін білдірді.



МӘУЕЛІ МАУСЫМДАҒЫ МЕРЕКЕ САЛТАНАТЫ



Кейінгі жылдары егінді әртараптандыруда жүйелі шаралар атқарылууда. Жалпы егін көлемі 5 жылда 6,9 мың гектарға ұлғайып, әртараптандыру бағытында малазықтық дақылдар 6,3 мың гектарға, картоп, көкөніс, бақша дақылдары 1,7 мың гектарға, ал, күріштен басқа дәнді дақылдар көлемі 6,4 мың гектарға көбейген.

– Жоғарыда айтып өткенімдей, жылдан жылға Сырдария өзенінен түсетін су көлемі азаюда. Аймақтағы топырақтың тұздылығын ескере отырып, біз күріштен бас тарта алмаймыз. Дегенмен, суды көп қажет ететін күріш көлемі өткен жылдан 6 мың гектарға азайтылды. Оның орнына әртараптандыру бағытындағы дақылдардың көлемі 9,8 мың гектарға дейін жетті. Осындай қиыншылықтарға қарамастан Сыр диандары биыл әр гектардан орташа есеппен 59,8 центнерден өнім алып отыр, – деді облыс басшысы.

Сонымен қатар ауыл экономикасының негізгі резервінің бірі – мал шаруашылығы да тұрақты дамып келе жатқаны айрықша атап өтілді.

Есепті кезеңде мүйізді ірі қара 8,2, жылқы 14,2, түйе 8,1, уақ мал 6,6%-ке көбейіп, ет өндірісі 2,4, сүт өндірісі 2,3, жұмыртқа өндіру 3,1%-ке артқан.

Бүгінде құны 20,6 млн АҚШ долларын (61,0 мың тонна) құрайтын өнімнің ауыл шаруашылығы тауарлары 15 мемлекеттің сұранысын қамтамасыз

етуде. Биыл облыстан Германия, Нидерланды мемлекеттеріне 886 тонна қамыс, Австрия, Литва, Польша, Грузия, Нидерланды, Украина, Германия мемлекеттеріне 1780 тонна балық, Әзербайжан, Моңғолия, Тәжікстан, Украина, Өзбекстан, Ирак елдеріне 58237 тонна күріш өнімі жөнелтілген.

Облыс әкімі Сырдария өзенінің жағдайына арнайы тоқталды.

– Барлығыңыздың, әсіресе шаруалардың көкейінде су мәселесі бар екенін жақсы білемін. «Шарлар» су қоймасындағы судың аз болуына байланысты, Сырдария өзенінің төменгі ағысына жіберіліп жатқан су азайып, биылғы 8 қыркүйектен 18 қазанға дейін секундына 30 текше метр су жіберіліп келді. Ал, 18 қазаннан бастап су көлемі 20 текше метрге артып, қазір секундына 50 текше метр жіберіледі. Біз Үкіметпен бірге тиісті жұмыстар жасаудамыз. Су нысандарының жағдайын жақсарту үшін «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасына үлкен үміт артылууда. Ұлттық жобаға 122 млрд теңгені құрайтын облыстан 237 жоба енгізілуде. Бүгінде «Қызылорда», «Әйтеке» су тораптарына жөндеу және «Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру» жобасы аясында 2019 жылдан бері 15 мың гектар суармалы жерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. 2023 жылға дейін коммуналдық меншіктегі 192 су шаруашылығы нысандарын тазалау және жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылатын болады. Сондай-ақ, Қызылорда облысы

бойынша 775 млн текше метр су жинайтын «Қараөзек» арнасындағы су қоймасын салу ісі де басталады, – деді облыс әкімі.

Мерекелік шарада мезгілдің сан құбылысына қарамастан аябай еңбек етіп, ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше үлес қосқан озаттар марапатталды. Атап айтқанда, Жалағаш ауданынан «Мәдениет» ШҚ төрағасы Ақдлда Қыпшақбаев, Қызылорда қаласынан «Қызылорда Құрылыс НК» ЖШС егіс бригадирі Айдархан Қойшыбаев, Арал ауданынан «Алмат» ШҚ төрағасы Жетес Асанбаев, Қазалы ауданынан Берік Бейсембаев, Қармақшы ауданынан «Ертілеу» ШҚ маманы Рүстембек Сәрсенбаев, Жалағаш ауданынан «Таң ЛТД» ЖШС директоры Имамзада Шағыртаев, Қармақшыдан «Ақтөбе и К» ЖШС директоры Нұрлан Іздібаев, Сырдария ауданынан «Мәлі Қажы» ЖШС директоры Сейіткамал Сұлтанов және басқа да сала үздіктері құрметке бөленді.

«Үздік аудан» номинациясына Қармақшы ауданы лайық деп танылса, егін шаруашылығы бойынша Шиелі ауданы, мал шаруашылығы бойынша Жаңақорған, өңдеу саласы бойынша Қазалы ауданы «Озат аудан» атанды.

Айта кетейік, «Үздік аудан» атанған Қармақшыда биылғы 9 айда жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 12,1 млрд теңгені құрап, былтырмен салыстырғанда 5,1 процентке артқан. Оның ішінде егін шаруашылығы өнімі 6,3 процентке, мал шаруашылығы өнімі

3,2 процентке көбейген. Күріштің әр гектарынан 67 центнерден өнім алды. Басқа да ауылшаруашылығы өнімін өндіруде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген.

Егін шаруашылығы бойынша озат атанған Шиелі ауданы егінді әртараптандыруда жоғары көрсеткішке ие. Негізгі дақыл – күріштің әр гектарынан 55 центнерден өнім жинады. Сонымен бірге жоңышқа, көкөніс, картоп, бақша дақылдарының көлемін ұлғайтып, мол өнім алған. 9 ай қорытындысымен егін шаруашылығы өнімінің көлемі 3,1 процентке артқан.

Жаңақорған ауданында мал шаруашылығы дамып келеді. Былтыр осы кезеңмен салыстырғанда мүйізді ірі қара 9,2, қой мен ешкі 6,9, жылқы 20,8, түйе 22,4 процентке көбейген. Мал шаруашылығы өнімінің көлемі де 2 процентке артып, Жалпы, облыстағы төрт түлік мал басының 30 проценті осы ауданның үлесінде.

Өңдеу саласы бойынша Қазалы ауданы озық тұр. Жыл басынан бері 6 млрд 220 млн теңгенің тамақ өнімі өндіріліп, былтырмен салыстырғанда 7,3 процентке артқан. Атап айтқанда, жыл сайын күріш, ет, сүт, балық өңдеу көлемі ұлғайып келеді.

Салтанатты жиында ауыл шаруашылығы саласындағы серпінді істерді ақпараттандыруда белсенділік танытқан «Qyzylorda» телеарнасының сарапшы-редакторы Елжас Әбділда мен «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Ержан Қожас марапат иеленді.

Жылқышы Пернебек

Шиелілік Пернебек Аханов бала кезінен мал шаруашылығына жақын өсті. Әкесі Ахан ұзақ жылдар бойы қой өсірумен айналысты. Бұл шаруа екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ауыр еңбекке шыдамды жан ғана еңбектің жемісін жейді. Әкесінің қарбалас тіршіліктің қамымен әрдайым малдың қамын күйттеп жүретіні естен шықпайды.

2006 жылы үлкен істі қолға алып, жылқы шаруашылығына бет бұрды.

Баптай білсең, жер жомарт

Жайылма – қарбызымен қадірлі. Шілде айы туысымен жұрт осы ауылдың қарбызын іздей бастайды. Өйткені дәмі тіл үйретін бақша өнімдері осы кездері жұрттың жеміс асына айналып шыға келеді. Ауыл шаруалары биыл 600 гектарға жуық аумакқа бақша өнімдерін еккен. Мұндағы ірі шаруа қожалықтарының бірі – «Бектас» шаруашылығы өнімін ерте пісіріп, саудаға түсіргендер қатарында. Қожалық бригадирі, бағбандықпен айналысып келе жатқанына 20 жылдан астам уақыт болған Құрбанай Тұрсынбаев «Озат бақша өсіруші» номинациясымен марапатталды.

– Біздің жақта қарбыздың орташа

Бертін келе, бұл шаруаның барлық қыр-сырын толықтай түсініп алды. Осылайша малдың басы да көбейіп, жайлау төсінің сөнін кіргізді.

– Ата-бабамыз жылқыны жоғары бағалаған емес пе?! Мен бала кезімнен бұл жануардың барлық қасиетін сезініп өстім. Одан алынатын өнімдерді дайындау жолдарын да жақсы білемін. Өзімнің жеке тіршілігімді бастауға байланысты таңдау тұрғанда жылқы шаруашылығын дамытуға көңіл

өнімділігі әр гектардан 30 тонна. Өз басым өнімділік көрсеткішін гектарына 60 тоннаға дейін жеткіздім. Өрине, бұл жер жағдайына байланысты. Мысалы, Жамбыл облысының шаруалары 80 тоннаға дейін өнім алады екен. Бау-бақша өнімі тез сатылуы үшін бағасы орташа болғаны жақсы. Бірақ биыл су тапшылығынан қиындықтар болды. Сол кездері аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова біздің егіс басына арнайы келіп, жағдаймен танысып кеткен болатын. Ауыл шаруаларына су жеткізіп беруге өзі тікелей ықпал етіп, бүгін бағбанның еңбегін елеп, марапат беріп жатқан облыс әкіміне алғысым шексіз, – дейді ол.

«Бектас» шаруашылығының өзі

бөлім. Содан бері уақытпен санаспай еңбек етіп келемін. Тұтынушыларға ет және қымыз өнімдерін ұсынып жүрміз. Ауыл маңындағы арнайы орында тұрғындардың қымыз ішуіне мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, көпшілікті ет өнімдерімен қамтамасыз етеміз, – дейді ол.

Қазіргі таңда шаруа қожалығында 600-дей жылқы бар. Биыл мал төлдетуі науқаны да ойдағыдай өтті.

биыл 40 гектар жерге қарбыз екті. Таудың таза суымен сугарылып, тың топырақта өніп шыққан өнімдер адам ағзасына да пайдалы. Сондықтан да болар, сонау ел шетінен көліктерімен келіп, Жайылманың қарбызын алып кетіп жатқандардың қара-құрасы биыл да көп болды.

– Тіпті, Ресейден келіп жатқандар бар. Егіс басынан 90 теңгеден сатылды. Бақша егудің тағы бір қиындығы – алушының уақытында келуі. Себебі бақша өнімінің өмірі 10-15-ак күн. «Баптай білсең, жер жомарт» деген бар ғой. Еңбек еткенге бақыт басын иеді, – дейді Құрбанай Тұрсынбаев.

жем-шөпке берілетін субсидия алдық. Бүгін міне, еңбегімізді елеп, марапаттап жатыр. Облыс әкімдігіне көрсеткен қолдау үшін алғыс білдіремін, – дейді Беркімбай Алпысбаев.

Кәсіпкер «Алтын дән-2021» мерекелік шарасында «Озат бақташы» номинациясымен марапатталды. Бейнеттің зейнетін көріп, адал еңбегінің ақ майын татып отырған «Жақсылық» шаруа қожалығының жұмысы көпшілікке үлгі етуге тұрарлық дейміз. Шаруашылық басшысы Беркімбай Алпысбаевтың бүгінгі қам-қарекеті қазактың асылтұқымды ақбас сиырының бір кезде баршаға тараған даңқын қайта жаңғыртуға бағытталып жүргендей көрінеді.

Әділжан ҰМБЕТ,
Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»



Экспедиция сапары аяқталды

«Nur Otan» партиясының қолдауымен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, «ЕЛ Ана» сайты және «Qazaqstan dauiri» газетінің ұйымдастыруымен өтетін дәстүрлі «Ауыл – ел бесігі» экспедициясы Сыр өңіріндегі сапарын қазан айына жоспарлаған еді.

– Экспедиция бұл жолы «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасына қолдау білдіре отырып, еліміздің облыстары мен аудандардың, ауылдардың тұрғындарымен және мемлекеттік депутаттарымен кездесіп, өңірдегі ауыл шаруашылық, мәдениет пен өнер, спорт, денсаулық сақтау және т.б. салаларда жеткен жетістіктерді бұқаралық ақпарат құралдарында дәріптеуді, сонымен қатар өзекті мәселелерді анықтап, тиісті министрліктерге жеткізуді мақсат етіп отыр. Көздеген мақсат орындалды, – дейді экспедиция жетекшісі, «Qazaqstan dauiri» халықаралық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Ертай Айғалиұлы.

Атап өту керек, 4 күнге созылған іс-шара аясында экспедиция мүшелері облыстың барлық аудандарында болып, аудан әкімдері, жергілікті тұрғындар, халық қалаулылары, жаңадан сайланған ауыл әкімдерімен кездесті. «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасы аясында ауылшаруашылық, кәсіпкерлік салалары бойынша жүзеге асып жатқан жұмыстарға қанықты. Ауыл тұрғындарымен өткен кездесулерде елдегі қордаланған мәселелер қантар айында түрлі министрлік өкілдері, қоғам белсенділері мен Сенат, Мәжіліс депутаттарының қатысуымен Нұр-Сұлтан қаласында өтетін дөңгелек үстелде талқыланбақ.

АЭС салып, алпауыт елдер қатарына қосыла аламыз ба?

«2030 жылға қарай Қазақстанда электр энергиясының тапшылығы болады. Ал әлемдік тәжірибеге сәйкес, тиімді шешім бар. Ол – бейбіт атом. Иә, оңай шаруа емес. Сондықтан осы мәселені ұтымды шеше білуіміз керек, сан алуан болжам мен эмоцияға жол бермейік».

Мемлекет басшысының Жолдауынан

Электр энергиясының адам өміріндегі маңызы туралы айтып жатудың өзі артық. Ол, біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып кетті. Электр тоғының пайда болуымен адам өмірі түбегейлі өзгергені белгілі. Өркениет қарқынды дамуға, ғылым мен техника жана биіктерге жетті. Адам өмірінің барлық саласында қолданысқа ие. Өнеркәсіптік кәсіпорындар, мемлекеттік құрылымдар, ғылыми-зерттеу орталықтары, денсаулық сақтау және білім беру мекемелері тұрақты және үздіксіз энергиямен қамтамасыз етілуде.

Ал енді осы байлықты өндіру оңай жұмыс емес. Өзіне қажетті электр энергиясын алу үшін кез келген мемлекет ауқымды жұмыстар атқаруы тиіс.

Сыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Қазақстандағы ахуал қандай?

Біздің елімізде өндірілетін электр энергиясының 70%-тен астамы көмір электр станцияларының үлесіне келеді. Кенес одағы кезінде салынған Екібастұздағы ГРЭС-1, ГРЭС-2 және Ақсу ГРЭС-і секілді алып энэргокөшендер көмірмен жұмыс істейді. Газ және мазутпен салыстырғанда көмір арзан болғандықтан, онан өндірілетін энергия құны да арзанға түседі. Мысалы, біздің электрэнергия Ресейдікімен салыстырғанда 30%-ке арзан.

Дегенмен, көмір электрстанцияларына қатысты проблема да аз емес бүгінгі таңда. Әлемдік электр өндірудің үштен екісін көмірсуөтегі құрайды. Оларды пайдаланғаннан атмосферамыз ластайтын заттар шығарылады. Ауаны ластаумен қатар көмір, қалдықтары да – өзіндік проблема.

Халықаралық тәжірибеде атмосфераға залалды заттардың шығарылуын қысқарту үшін тиімділігі жоғары механизмдер қолданылуда. Дүниежүзілік банктен бастап көптеген ірі қаржы орталықтары көмірмен жұмыс істейтін станцияларды қаржыландыруды тоқтатуда. Одан бөлек, салық пен айыппұлдар көлемі артқан.

ГРЭС-1 – Қазақстан энергетикасының негізі деп айтуға болады. Ол еліміз бойынша тұтынып отырған электр қуатының 20%-ін өндіріп отыр. Мәскеу Олимпиадасы кезінде салынған бұл нысандағы 8 агрегаттың біреуі 2018 жылғы істен шығып, тоқтатуға тура келді. Қалғандарының да ауыстыратын уақыты жақындаған. Ал 1990-жылдары салынған ГРЭС-2 станциясындағы екі агрегат қана жұмыс істеп тұр, үшіншісін әлі күнге дейін іске қоса алмай келеді. Бұл нысанның ерекшелігі – мұржасы. Оның биіктігі жарты шақырымға жуық (420 м) трубасы әлемдегі ең биік мұржа ретінде Гиннестер кітабына енген.

Электр қуаты тауар ретінде қыста да, жазда да, күндіз де, түнде де бір бағамен есептеледі. Алайда, оны өндіру мен тасымалдау құны біркелкі емес. Таңертең жұрт ұйқысынан оянып және кешке жұмыстан келген уақытта электр шөйнектен бастап теледидарды, кіржуғыншы машинаны қосқан кезде электр қуатына деген сұраныс 2-3 есе артып шыға келеді. Біздің тасымалдаушы компания «KEGOK» өз міндетін жаман атқарып жатқан жоқ. Бірақ таңертеңгі және кешкілік қарбалас сәттерде электр қуатын жеткізуде қиындыққа тап болады. Сондай сәттерде дефицитті жабу үшін Ресейден электр қуатын тасымалдауға тура келеді көп жағдайда. Өйткені бізде резерв жоқ. Энергетика министрлігінің берген мәліметі бойынша елімізде электр қуатын өндіріп тұрған барлық үлкенді-кішілі станциялардың саны – 204. Олар шамамен 19 мың МВт электр қуатын өндіруде. Өзірге бұл көлем жеткілікті. Бірақ елімізде электр қуатын тұтыну көлемі жыл өткен сайын 2%-ке артуда. Ал сарапшылар 2021-2027 жылдар аралығында электр энергиясын тұтыну көлемі орташа есеппен 2,4%-ке өседі деп болжап отыр. Жакын болашақта электр энергиясы жетіспеушілігі пайда бола бастайтынын айтады.

Кейінгі жылдары елімізде жел және күн электр станциялары қосылуда. Бес жылдағы 5 мың МВт со-лардың есебінен. Бірақ оларды базалық энергия көзі есебінде қолдануға келмейді. Олар тек тәуліктің кейбір сәттерінде жетіспейтін орындарын толтыра алады. Жоғарыда келтірген көмір станциялары тозып келеді. Күн мен жел станцияларын базалық энергия көздері ретінде пайдалана алмайсың. Демек, алдағы жылдары Қазақстанда энергия тапшылығы пай-

да болады. Бұл проблемадан шығар жол бар ма? «Бар» дейді сарапшылар мен ғалымдар. Ол – атом электр станциясы.

АЭС туралы не білеміз?

Қазіргі заманда атом энергетикасы өте маңызды роль атқарады. Олар дүниежүзі бойынша барлық өндіріліп жатқан электр энергиясының 16% үлесіне ие. Франция, Белгия, Швеция, Жапония, Оңтүстік Корея, Финляндия секілді өздерінің органикалық отыны жоқ елдерде атом станциялары электр энергиясын өндіруші негізгі көзге айналып, энергетикалық тұрақтылық пен табысты экономикалық дамуды қамтамасыз етіп отыр.

Сарапшылар көмірдің жаһандық қоры 270 жылға дейін, мұнай 50 жылға дейін, газ 70 жылға дейін жететінін айтады. АЭС-ке пайдаланылатын уран қоры 5718400 тоннаны құрайды. Ол 2500 жылға дейін жетеді. Әлемдегі уран қоры ең көп ел – Аустралия. Одан кейінгі орындарда Қазақстан, Ресей және Канада тұрақтаған.

қажет етеді. Ал АЭС-ке қажетті уран бір жүк машинасымен ғана әкелінеді. Қолданылатын отынды қайта өңдеп, одан тағы да пайдалануға болады.

Өрбір заттың артықшылығымен қоса кемшілігі де болады. Мамандар атом станцияларына қатысты келтірген кемшіліктерді де атап өту керек.

Сәуленген отын, оны қайта өңдеу мен сақтау да қауіпті. Өте көп шығын кетеді. АЭС салу үшін өте көп қаржы, өте көп су керек болады. Атом станциясында уранның үлкен көлемде қалдықтар қалады. Оны сақтау үшін жер астында инфрақұрылым болуы қажет. АЭС-те апатты жағдай өте аз кездеседі. Бірақ апат бола қалған жағдайда, оның алдын алу мен радиацияны жою мүмкін емес.

АЭС апаттары

АЭС апаттары 7 деңгеймен белгіленген INES шкаласымен өлшенеді. 4 және одан жоғары болған апат сәуленуіне қауіп тудырады. АЭС-тегі алғашқы апат 1979 жылы 28 наурызда АҚШ-тың Пенсильвания штатындағы Три-Майл-Айленд станциясында болған. Оған реактордағы суыту тізіміндегі нұқсандар мен сол жердегі мамандардың қателіктері себеп. Нәтижесінде ядролық отын еріген. Апат салдарын жою үшін 1 миллиард доллар мен 14 жыл кеткен. Тарихта 2 апат қана 7-деңгейге жеткен. Олар – Чернобыль мен Фукусимадағы АЭС апаттары.



Әлемнің 32 мемлекетінің аумағында 193 атом электр станциясы орналасқан. Барлық станция 450 энерго-блокпен тұрады, тағы 60 энергоблок салынуда. Сондай-ақ, 174-і жұмысын тоқтатқан. Барлық атом электр станцияларының жалпы қуаттылығы 392,082 МВт құрайды. Әлемдегі атом электр станциялары негізінен Америка Құрама Штаттарында орналасқан. Бұл елде атом энергиясының үлесі бүкіл энергетикалық жүйенің 20%-ін құрайды. АҚШ-тағы 62 АЭС-тің жалпы сыйымдылығы 100 400 МВт құрайды.

АЭС бойынша Еуропадағы көшбасшы – Франция. Бұл елдің атом энергетикасы – ұлттық басымдығы және электр энергиясын өндіру үлесінің 77%-ін құрайды. Францияда жалпы қуаттылығы 63 130 МВт болатын 19 АЭС орналасқан. Мұндағылардың ең қуатты реакторлары бар.

Ядролық энергетика ең дамыған елдердің рейтингіндегі үшінші орынды Жапония иеленеді. Онда әлемдегі ең қуатты АЭС бар, бүгінде «Касивадзак-Карива» атом электр станциясы әлемдегі ең қуатты атом электр станциясы болып саналады.

Артықшылықтары мен кемшіліктері

Ядролық реакторда бір жыл пайдаланылған уран алмастырылып отырады. Отын бірнеше жыл бойы суытылып, ерітіп қайта өңдеуге жіберіледі. Химиялық экстракция нәтижесінде уран мен плутоний бөлініп шығады. Олар қайтадан отын өндіру үшін пайдаланылады. Осы үдерістерден кейін бөлінген қалдықтардан еріген шыны дайындалады. Шыныдан қоршаған ортаға зиян келтіретін радиоактивті элементтерді бөліп алу мүмкін емес. Сондықтан, оларды арнайы жер астындағы терең қоймаларда сақтайды.

Мамандардың АЭС-тің артықшылығы туралы айтқандарын келтіріп өтелік.

Электр энергиясын өндіру арзан. Газбен жұмыс істейтін электр станциясы да, көмірмен жұмыс істейтін электр станциясы да зиянды түтін шығарады. 1000 МВт қуатқа ие ЖЭС жылына 8 миллион тонна оттегі жұтады. Ал АЭС оттегіні қажет етпейді. Жоғарыдағыдай зиянды түтін шығармайды. Жылу-электр орталықтарын құру үшін ірі көмір не газ кен орындары керек. Оларға көмір мен газ жеткізу көп қаражатты

Украинадағы Чернобыль атом электр станциясында 1986 жылы сәуір айында АЭС-тің 4-энерго-блокында апат болды. Украинаның елеулі аумағы мен Ресейдің Брянск және Калуга облыстарының аумағы радиоактивтік ластануға ұшырап, адам өміріне қауіп төнді. АЭС-тен радиусы 30 шақырым жерде тұратын халық басқа жерлерге көшірілді. 1986 жылдың қараша айына дейін апатқа ұшыраған блок залалсыздандырылды. Апатты залалсыздандыруға Қазақстан азаматтары да тартылды. Радиоактивті түтін аймақтан асып, 10-нан аса мемлекеттің 145 мың шаршы шақырым жерін ластады. Кем дегенде 5 миллион халық зардап шекті. Оның зардабы қаншалықты ұзаққа баратыны әлі белгісіз қалып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы апаттан төрт мыңдай адам қаза тапты деп хабарлады. Бірақ, ядролық энергия нысандарына қарсылық танытушылар 100 мың адам құрбан болды деп мәлімдеген еді.

Фукусимадағы апатқа да табиғи жағдайлар себеп. Станция жер сілкіну мен цунамиден айтарлықтай қорғалған-тұғын. Бірақ екеуі бір уақытта болады деп ешкім ойламады. Салдарынан станциялардың бірінде реактордың суыту тізімі істен шығып, қызып кеткен реактор жарылды. Бұл бірден радиоактивті материалдың сыртқа шығуына әкеліп соқтырды. Жергілікті тұрғындарға келген шығындарды бір ай есептеген Жапония үкіметі адам тұрмайтын 20 шақырымдық аумақ құратынын мәлімдеді. Тұрғындарды эвакуациялап, басқа жакқа көшірді. Үкімет барлық алты реакторды сөндіру туралы шешім қабылдады, келесі жылы олар толықтай жабылды. Қазіргі кезде бұл аумақ қатты уланған, радиация әлі де шығып жатыр.

Бірақ қазіргі АЭС-тер компьютерленген, яғни, кішкентай бір нұқсан табылса, реактор автоматты түрде өшіріледі.

Қазақстанға қажет пе?

Біздің елімізде атом электр-станциясын салу туралы пікірлер айтылғалы біраз жылдың жүзі болды. АЭС салуға қатысты ең бірінші айтылатын аргумент – уранның қайты. Қанат Бозымбаевтың айтуы бойынша елімізде оның дөңделген қоры 800 мың тоннадан асады, ал жалпы ресурсы – 1,4 миллион тон-

на. Бұл бүкіл әлемдегі уранның шамамен 12%-ін құрайды. Ал уран арзан жолмен электр энергиясын өндірудің таптырмас көзі екені бәрімізге аян. Елімізде жылына 22 мың тоннадай уран өндіріледі. «Соны тиімді пайдаланып, неге елімізде АЭС салмасқа?» деген сауал туындайды. Өзі өндіріп жатқан отынды өз игілігіне пайдалану қажеттігі соңғы жылдары көбірек айтылып жүр.

Осы орайда еліміздегі уран өндірісіне Қызылорда облысы да өзіндік үлес қосып келе жатқанын айта кету керек. Шиелі және Жаңақорған ауданы аумағында жұмыс жүргізіп жатқан «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның бірнеше құрылымдары уран өндіріп, ел бюджетін арттыруда. Олар тұрғындарды жұмыспен қамтып қана қоймай, жергілікті халыққа әлеуметтік және демеушілік көмек көрсетіп келеді.

Екіншіден, АЭС елдің имиджін көтеретіні жайлы пікір басым. Өзінің ураннын өндіріп, ядролық отын шығаруды жолға қойған мемлекет атом электр станциясын пайдаланатын болса, ол газ немесе көмір электр станцияларын пайдаланып отырған елдермен салыстырғанда дамыған мемлекет болып саналады. Оның үстіне Қазақстанда уран таблеткалары мен жылу бөлуші элементтер өндірісі жолға қойылған. Сол себепті өзін ядролық отынмен толық қамтамасыз ете алады. Иә, өз байлығын өзіне пайдалану – аса түсіндіруді қажет етпейтін логикалық шешім.

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясының бұрынғы басшысы Асқар Жұмағалиевтің «Атом энергетикасы – зиянды қалдықтарының жоқтығынан адамзатқа климаттың өзгеруі проблемасын шешуге көмектесетін болашақтың сенімді, экологиялық таза энергиясы. Сарапшылардың болжамынша, электр энергиясына сұраныс келешекте көп жағдайда ядролық энергетика есебінен қанағаттандырылатын болады» деген сөзін де еске түсіруге болады.

Президент пікірі

Владивостокта өткен Шығыс экономика форумының пленарлық отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан халқына Жолдауымда елде атом энергетикасын құру мүмкіндігін жан-жақты зерттеуді тапсырдым. Елдің, халық пен бизнестің қажеттілігін де ескеру маңызды. Бұл мәселені егжей-тегжейлі қарастыратын уақыт келді деп есептеймін. Себебі Қазақстанға атом станциясы қажет» деді.

1 қыркүйектегі Жолдауында Үкіметке бір жылдың ішінде қауіпсіз атом энергетикасын дамытуды зерделеуді тапсырған.

Алайда Қазақстан халқының басым бөлігі елімізде атом станциясын салу мәселесіне қорқынышпен қарайтыны жасырын емес. Өйткені халық әлі Чернобыльді ұмыта қойған жоқ. «Қару-жарак қоймаларына ие бола алмай отырып, жоғары технологиялық станция жұмысын жүргізе аламыз ба?» деген қауіп білдіреді.

Саясат пен экономика қатар жүретіні белгілі. «АЭС-ті кім салса, соған тәуелді боламыз. Станцияға мамандар даярлау, оған техникалық қызмет көрсету, жөндеу жұмыстарында АЭС салып берген елге тәуелді болып қалу қауіп бар» дегенді айтады сарапшылар. Осы ретте территориясы шағын Словакия, Венгрия, Болгария, Чехия, Тайвань, Словения, Армения секілді мемлекеттерде атом станциялар жұмыс істеп тұрғанын ескерсек, бізде неге болмасқа деген сауал туындайтыны белгілі.

Сонымен АЭС салуды жақтағандар да, оған қарсылық білдірушілер де жеткілікті. Иә, алдымызда осы бір күрделі мәселе бойынша бір қорытындыға келу және тиімді шешімдер қабылдау міндеті тұр.

Аудан жаңалықтары

Бас жүлдені жеңіп алды

Қызылорда. «Дарын» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен «Тәуелсіз Қазақстан – менің елім» атты республикалық балалар мен ересектер байқауы өтті.

Байқауда көркемсөз номинациясы бойынша С.Майканова атындағы мәдениет үйі жанынан құрылған «Шабыт» көркемсөз үйірмесінің өнерпазы Ержігіт Сарымырзаев бас жүлдені жеңіп алып, арнайы дипломмен марапатталды.

Коммуналдық базар қайта жаңғыртылуда

Арал. Арал қаласындағы Қызылорда көшесінде орналасқан коммуналдық базар мемлекеттік сатып алу тәртібіне сәйкес ашық конкурсу нәтижесімен жеке кәсіпкер Ләйла Мамитанованың иелігіне 1 жылға жалға берілген болатын. Шарт бойынша кәсіпкердің жұмыс нәтижесіне байланысты жалға беру мерзімін ұзарту жағдайы қарастырылған.

Қазір базар ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі Серік Сермағамбетов коммуналдық базарға барып, құрылыс жұмыстарының барысымен танысып шықты. Жеке кәсіпкер аудан басшысына алдағы уақытта жүзеге асыратын жоспарларын түсіндірді.

Дубайға жолдама

Қазалы. «Білім – күш» қорының ұйымдастыруымен ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасындағы республикалық ашық сабақ жоспарларының байқауы өтті. Онда №249 мектеп-лицейдің ағылшын тілі пәні мұғалімі Макпал Әбілқәрім Нұрланқызы бас жүлде иеленіп, Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласына жолдама жеңіп алды.

Осылайша аудан мұғалімі білімі мен біліктілігін дәлелдеп, биыл Дубай қаласында ұйымдастырылып жатқан «Expo 2020 Dubai» көрмесін тамашалауға барады.

Облыстық турнир басталды

Қармақшы. Жас спортшы Ерлан Нысанбаевты еске алуға арналған 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасындағы бокстан облыстық турнир басталды.

Турнирдің ашылу салтанатына аудан әкімі Қайрат Нұртаев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. Ауданда дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан турнирге Қызылорда, Байқоңыр қалаларынан және аудандардан 16 команда, 200 спортшы қатысуда.

Еңбек ардагеріне құрмет

Жалағаш. Соғыс және еңбек ардагері, партия-көнес, шаруашылық қызметкері Досбал Қуанбайұлының атына кент орталығынан көше беріліп, ашылу салтанаты өтті. Шараны аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Ердауұлы ашты.

– Қайраткер тұлғаларымызға лайықты құрмет көрсету – игілігі де сауапты іс. Біз бүгінгі күні қандай жетістіктерге жетіп жатсақ, ол кешегі өткен әкелеріміздің еткен еңбегінің, төккен терінің кемісі екенінде дау жоқ. Бүгін Досбал Қуанбайұлы есімі ұлықталып, аудан орталығындағы бір көшеге берілуі – алдымыздағы аға ұрпаққа көрсетілген құрмет, – деді ол. Шараны өткізуге бастамашыл болған ұрпақтарына, ардагерлерге ризашылығын білдірді.

Жиында Досбал Қуанбайұлының көзін көрген, таныс-біліс замандастары мен ұрпақтары сөз сөйлеп, ардагер туралы естеліктерін бөлісті.

Әкім шаруа қожалығында болды

Сырдария. Аудан әкімі Мұрат Ергешбаев Шіркейл, Н.Лиясов ауылдық округтері мен «Кең дала» шаруа қожалығында болды.

Алдымен Шіркейл ауылдық округінде болып, данқты құршыш, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Бексұлу Синаевамен жүздесті. Б.Синаева звено жетекшісі, сушы жұмыстарын атқарған. Екі мәрте «Еңбек данқы» орденінің иегері. 1992 жылдан бастап құрметті демалысқа шыққан. Ел дамуына елеулі еңбегімен үлес қосқан осындай данқты кісілердің еңбек жолы насихатталуы, жаңғыртылуы – кейінгі ұрпаққа үлгі.

Қоршаған орта – қорғаның

Шиелі. Аудан әкімінің орынбасары Ереңтұлған Апетовтің төрағалығымен мәжіліс өтті.

Мәжіліске кент және ауылдық округ әкімдері ZOOM платформасы арқылы қатысты. Іс-шара барысында аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Д.Аман аудан мен ауылдық округтегі тазалыққа, осы бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырса, Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж.Әліев осы саладағы келелі мәселелерге тоқталды. Жиын соның қорытындылай келе, бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылып, ұсыныстар бойынша шаралар қабылданатыны айтылды.

Айтыскер ақынның мерейтойы

Жаңақорған. Аудандық мәдениет үйінде айтыс ақыны Әбілқайыр Сыздықовтың 50 жасқа толуына орай республикалық ақындар айтысы басталды.

«Семсер сөз – серпін жыр бұлағы» атты республикалық ақындар айтысын Мұхтар Ниязов және Бекарыс Шойбеков бастады. Одан кейін Нұрмат Мансұров пен Рүстем Қайыртай сынды басқа да жүйріктер сөз жарыстырып, көрермен қауымды бір серпілтіп.

«СБ» ақпарат



Шілденің аптап ыстығына өзінше қыр көрсеткендей болып ілгері ұмтылған жүйрік пойыз вагондағы пенде атаулыға мұрнын шүйіре «бар тіршілігің маған ғана байланысты» дегенді тақ-тұқ еткен донғалақтар даусымен сездіре жүйткіп келеді. Дем алсаң ішіңе жалын енгендей. Бейне бүкіл дүние күйіп тұрғандай, осыдан-ақ күн қабағын біле беріңіз. Бірақ оған басын ауыртып жатқан пенде жоқ. Мұздай сұға малып әкелген сұлгімен бастарын орап алған денсаулығы нашарлаулары болмаса, еркектердің көбісі сыраға, әйелдер болса шайға ықыластанда кірісіп, вагон тербетілісінде мәз болып келеді. Қазіргідей пойыз үстінде ішімдікке тыйым салынбаған, вагон терезесінен далаға көз салсаң жылтырап жатқан бос шөлмектердің көз қарықтырап кеңес заманы болатын ол кез.

Күпедегі төртеудің екеуі – жас жігіт, олар жоғарғы орында жатып біруақ кітап оқыған болады. Бірақ тынысты тарылтқан қапырық ыстыққа шыдай алар емес. Содан соң біруақ төменгі орынға отырып, «Сарыағаш» суын қылқылдата жұтады. Ал қалған екі жолаушының бірі – елулердегі жігіт ағасы да, екіншісі – отызға жете қоймаған журналист жігіт.

Тілші жігіт сапарласын қанша қолқаласа да оған сыра батпай келеді. Сыздықтада бір-екі жұтады да, ойға шомады. Сонан соң бір «уһілеп» алып, «шешем қатты науқастанып қалыпты», – дейді қайталап.

– Аңаңыз басқа жақта тұратын ба еді? Мана Қызылордадан мінген, сізді сол қаланың шығар деп отырмын, – деді тілші жігіт оны әңгімеге тартып.

– Иә. Қызылордада тұрамын. Шешем қолымда еді, Қазалы ауданының шеткерілеу ауылында апамыз тұрады, соған... қызыма барып келемін деп қоймағасын... Бұлай ауырып қаларын кім білген... Барғанына үш-ақ күн болып еді... Уһ...

Ол ашылып ештеңе айтпады. Дегенмен тек қысқа баяндауынан Қазалының тумасы екені, сауда саласында қызмет атқаратыны, отбасылы екені белгілі болды. Күпенің ашық есігінен оны көріп, кей жігіттердің «Асесе, Асесе!», деп құрақ ұшқандарына қарап оның абыройлы әрі әжептәуір дәрежедегі қызметкер екенін де аңғарасын.

– Апыр-ай, мына күннің жануын-ай, шешемнің жүрегінде шікәсі бар еді... Уһ... Төретамнан жігіттер машина дайындап қоямыз деп еді... Алла-ау, мына күннің сонша күйгенін-ай, бәрінен де шешеме қиын болды-ау... Уһ...

Жолаушы тағы да «уһілеуге» кірісті. Оның анасы туралы үзіп-үзіп толқи айтқан әңгімелері тілшіні қызықтыра түсті. Өйткені осы кезге дейін талайлармен сапарлас, талайлармен дәм-тұзdas бола жүріп дәл Асекең сияқты анасын пір тұта құрметтейтін, аузынан тастамайтын, бүкіл әңгімесін анасымен байланыстыра айтатын жанды кездестірмеген. Шашының кей тұсы – қара, кей тұсы – ақ, кей тұсы қызғылт болғаны, төбе мен желкенің кей тұсында бір тал шаш жоқ, тек тыртықтың ізі оның ойынан кетер емес. «Неден болды екен, ә? Мұнда бір сыр барыаңыз». Осы бір ой пойыз дөңгелектері соғысменен бір ыраққа түсе санадан шықпай оны мазалаумен келе жатқан-ды.

Бір істің сәтін саларда Жаратушының өзі ыңғайын келтіре қояды емес пе?! Бұл жолы да солай болды. Жосалы стансасынан мінген жолаушылардың дені билеті жоқтар екен. Әрине, бұлай болуы түсінікті де, екі-үш сағаттық жолға бола олардың билет алып жатпасы да белгілі. Жолсерікпен келісіп жапырласа вагонға енген олардың бірі қуықтай коридордағы орныдықтарды иемденсе, енді бірі күле жағалап, отыра тұратын орын іздеуде. Солардың бірі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасында жаз шықты болды осы өңірдің еркек-әйелінің басым көпшілігінің үстінен түспеген «Адидаc» деген жазуы бар спорт костюміндегі денелі, бойшаң әйел бұлардың күпесіне бас сұқты.


– Ығысындар әрі, екі кісі ығыс-са, бір кісіге орын табылады деген, еркектердің Қазалыға дейін тамбурда тұрса да ештеңесі кетпейді, ал бізге ... ой-бұй... ай, осы елді... қазақтың санын көбейтеміз деп... қазір ауырмайтын жеріміз жоқ...

Жасы елуді еңсергені анық, алайда оған қарап тұрған әйел жоқ. Ол ығыстыра-ығыстыра жас жігітті үстіңгі жақтағы орнына шығуға мәжбүр етті. Төменде отырудың өзі мұң болып келе жатқанда жас жігіттің «бәледен ма-

шайық қашыпты» дегенді ұстана амалсыз орнын бергені еңжар қимылынан-ақ көрініп тұр. Үлкен ала сөмкені күпе сөресінің астына қарай ығыстырған ол ілулі тұрған сұлгінің кімдікі екенінде шаруасы болған жоқ, сілке алды да, тершіген маңдайы мен мойнын сүртуге кірісті.

– Уһ, әйтеуір құйрық бастық-ау... Күнді-ай, леп жок қой, леп жоқ, бұлай жана берсе, өртеніп кететін шығармыз, тіпті ағып кеттік қой...

Ал, жігіттер, жол қысқартайық, әңгіме айта отырындар. Шайларың жоқ па?



Әңгіменің «Періште» деген атына қарап «Бұде болса... бір кыяп көліпшесіз туралы шығар-ау» деп ойлап қалған жоқсыз ба, оқырманым? Жо-жоқ, мүлде олай емес, керісінше әңгіме ер адам туралы болмақ. Бұл біздің кейіпкерімізге бала кезінде танылған қосалқы ат қой. Иә, ал енді әңгімеге кірісесілік.

Осыны айтып болысымен әлгі әйелдің көзі кенет Асанға түсіп, аузы сәл ашыла антарылып қалды. Бұл бір сәттік қана тосылыс еді. Лезде көзінен таңырқауға коса ерекше бір ұшқын сезіле жолаушыларды елең еткізді.

– Ойбай-ау! Періштесің бе... Әле... Әй... Қайдан жүрсің?

Жігіт ағасының өні қуаныш шуағы құйылғандай кейіпке енді. – Әсиямысың?! Кездесуімізді кара... апыр-ай, ә?!

– Мен ғой. Ал... Періште жол болсын!

– Ту-у! Әсия-ай, Періште деп... ол енді... баяғы, бала кездегі ат қой.

– Бағы?! Қой-ей, бала кезің не сенің? Сен біз үшін Періштесің. Жұрт,мейні, сені Асан дей берсін, ал мен сені Періште деп атай беремін. Мұны біліп қой.

– Да... Саған енді... кім қарсы келсін... құдаң-тоба, баяғы қалпын... Енді...е... оған да отыз жылдан асып кетті емес пе? Бір облыста тұрып жатсақ та кездеспегенімізге жиырма бес жылдан асыпты...

– Ту-у! Әй... Періште-ай... Сонда әйел басыммен сені мен іздеуім керек пе, «Жиырма бес жыл, жиырма бес жыл» деп сайрағанша, еркек емесің бе әрі естуіміс білдей бастықсың, сен іздемейсін бе?..

– Енді... ол дұрыс қой... Шешем ауырып қалыпты... соған тығыз келе жатқаным... Әллиянікіне барып келе қойяын деп кетіп еді... Кім білген... Күн болса мынау... Уһ...

Осы сәт тілші жігіт шайкекке қол созды.

– Мен ыстық шай әкеле қойяын. – Жо-жоқ, өзім әкелейін.

Ол шалт қимылдап орнынан тұрды да, мұның қолындағы шәйнекті алды.

– Шайды өзім әкелейін, әйтпесе ертендері Әсияның «Асан бұл шайнек шай әкеп беруге жарамады» деп айтып жүруі мүмкін. Ол жымия күлді.

Күпе ішінде әдемі бір көңіл шуағы орнады. Олар шай ішуге кірісті, негізгі әңгіме Әсия мен Асан арасында, тілші жігіт тек тыңдаушы болып отыр. Екеуі бірін-бірі ерте кезден білетін сынды, таныстарын сұрастырып, жан-жақты амаңдығын біліп дегендей, өзгені ұмытқан. Олардың осы қалыпта қанша отырарын кім білсін, тек пойыз Төретам стансасына келіп, Асан бұлармен асығыс қоштасып, сыртқа беттеді.

Өткен күндерді еске алды ма, кім білсін, таусылмас ой көшіне ілесіп отырған әйел пойыз қозғалған сәтте-ақ дағдылы қалпына түсті.

– Қайным боласың ба, бәлкім баламмен қарайлас та болып қалуын мүмкін, қарағым, тағы да шай ішсек. Мына күн келтіріп барады ғой...

Бұл шай әкелді, Қазалыға дейін біраз уақыт бар, әңгіме тиегі ағытылды.

«Ол өзі періштедей тап-таза, ғажап жігіт», – деп бастады әңгімесін Әсия. Он бір жыл бір класта оқып, 1964 жылы орта мектепті бітірдік. Он бір жыл бірге интернатта жатып оқыдық, екеуміздің де ата-аналарымыз малыш болды. Қыстауларымыз да, жайлауларымыз да қатар, қоныслад отыратынбыз. Ие... о да бір заман екен! Бой-сойы келген көркем жігітті қой ұнатпасын, тек біздің

кластастар ғана емес, бізден бір-екі класс төмен оқитын қыздар да ұнататын. Ол кезде жоғары класс оқушылары «полубокс» деген шаш қоятын. Ол да сөйтті, мұның шашы ол кезде қазіргідей емес, қалың әрі бұйра болатын. Содан болар кей тұстарында аздаған қызыл, кей тұсында бір-екі тал ақ шаш барлығына да мән бермейтінбіз... Е... зымырап бара жатқан уақыт-ай».

Дене бітімі әйелден гөрі ер адамдарға келетін ірі денелі, адырақ көзге келетін үлкен көзінен от шаша қарайтын әйел біруақ ойға шомып кетті. Жарнарға бір-екі

құлағына шырылдай жылаған бала даусы келгендей болғанда ғана еріксіз селт ете қалады. Әлдешақан жапырағы ұшып, дәні төгіліп кеткен адыраспан қауызы мен арбиган көкбұта азаннан кара кешке дейін желмен ызылдай мұңды әуен сызылтады. Бұл шопан көңілін онан сайын құлазытады. Қыс хабарын жеткізгендей болып күшке міне бастаған кара суықтан ықты ма, көктегі бұлттар да дарияға қарай жылыстап барады.

Оты қашқан далада қой аузына түсер мандымды ешнәрсе жоқ. Тек шидің түбін, жусанның түбірін



қажаған қойлар да бір-біріне тығылып жайыла алар емес. Жазда тырс еткен дыбысқа сақалын шошаң еткізе жалт қарайтын кара текеден де күй кеткен бе, тұсынан жалп-жалп етіп, бір көтеріліп, бір қонып, кейде домалай жөнелген қаңбаққа да назар аударар емес. Шідерлеп жіберген Томай торы да біраз жерге барып қалты. Тышқан куудан шаршаған Жолдыаяқ аянышты даусыспен қыңсылап қойып, төңірекке самарқау көз салады.

Қойға мініледі демесең, осыдан үш-төрт ай бұрын Томай торының да, көзін сүзе қарап қайдан сып етіп шыға келетінін ешкім білмей қалатын, жүрген жерінде қой-ешке бір соқтықпай өйтейтін, содан жаны рахат тапқанмен, ішкен-жегені бойына жұқпайтын кара текеге жіркене қарап жатқан Жолдыаяқтың да күйі – күй, жағдайы бөлек еді ғой. Ал, қойды қоралап тастап, аяғы ауыр әйелі екеуі мұның терсінді құпәйкесін жамыла кешкі шайға отырғанда бұдан бақытты адам жоқ еді-ау, жер бетінде. Ие... не дерсін бұған, не істерсін енді жазу солай боласын.

Нәзіпа марқұмның жаратылысы бөлек жан еді ғой. Ойлап отырса – ол екеуі отын түтеткен бесалты жылда мұның үйінен ренжіп шыққан жан болмапты-ау. Тіпті еңессі түсіп, өзін тіршілік тұңғығына батып бара жатқандай сезінетіндердің өзі мұның отының барсынан ырзалықпен жадырай аттаныпты. Туысы бар, басқасы бар үлкендердің «Әйай келін», кішілердің «Әйай женте», «Әйай апа» деп атауы да марқұмның адам атаулыға деген ықылас-пейілінен екен-ау. Құдай-ау, лақ-қозы, мысық-құшқике дейін соның маңынан шықпайтынын қайтерсін. Бұл болса оның соларды да еркелетіп, адам сынды әңгіме айтқанына қайран қалатын. Қайран қалатын да: «Әй-ай бәйбішем-ау, олар сенің не айтқаныңды қайдан түсінсін, несіне сөзінді шығындап, зуре боласың», – деп қалжыңдайды. «Жо-оқ, олай деме, жер бетіндегі тіршілік несінің барлығының да, тіпті гүлдер мен шөптердің де өзіндік тілі бар. Оны біз түсінбейміз, алайда, олар да біздің жақсы айтқанымыз бен жаман айтқанымызды түсінеді», – деп жымия жауап берер еді. Бұл оны сол кезде келіншегінің сәбилі бола алмай жүргенінен болар, сірә, – деп өзініше болжам жасапты. Әй, ақымақшылық-ай, сонда мұның Нәзіпаның болмысын, табиғатын ұға алмағаны ғой. Е... енді не дерсін... Дүние-й... О да бір дәурен екен-ау...

Дүзгін үілдеді. Ой лезде ғайып болды, ол маңын шошып шықты. Отары да аман, Томай торы да, Жолдыаяқ та орнында екен. Бұл қалғып кеткен шығармын деп ойлады, алайда оның ой сұрлеуіне түскеніне бар болғаны екі-үш минуттай ғана болған еді. Көз алдына тағы да Әйай бәйбішесі келді. Бұған қарап жымияды, тура баяғы қалпы. Иә, сол күні еді-ау, ертенгі шайды бұлар таң қаранысында ішетінді. Өйткені жаздың күні қызамын дегенше отар біраз жайылуы керек. Ал түс болды дегенше қойлардың бірінші қоленкесіне бірі тығылып, жайылмақ түгіл жұрмей қоятыны белгілі емес пе? Сондықтан қойшы атаулы күн ысуы күшіне мінгенше құдық басына қайта оралуды жөн санайды. Ол үшін таң атар-тапастан-ақ малды өріске беттететін.

«Көкесі-ау, түс көрдім. Сосын өзім жорыдым. Түсіме Жанқожа бабам кіріп: «Балам, ұлды боласың. Атын Асан қой», – деді. Мен «Иә» дедім. Ол батасын берді де ғайып болды, оянып кеттім, сөйтсем түсім екен». Иә, ол осылай деген еді-ау. Бұл оны елей қойған жоқ. Елемегені былай тұрсын, кей сәтте мұның көңілін аулау үшін айтқан болар деген күпірлік ойларға да барыпты ғой бұ жазған. Бірақ, қыстау басына көшіп келісімен-ақ келіншегінің бала көтергені белгілі болды. Сөйтті де күллі дүние тамаша бір кейіпке еніп жүре берген еді-ау сонда.

Ыз-зың...ыззз...уу... Дүзгіннің үліі күшейе түсті. Бұл етегін қағып, орнынан тұрды. Жел қатай түсіпті, қойлар ықтауға көшкен. Мана ғана ит қуған тайлақтай алды-артына қарамай дария жакқа қарай бөзіп бара жатқан бұлттар енді осы жакты бетке ұстап, түйіле тұтасып келеді екен. Ол жүрісін жылдамдата Томай торыға беттеді.

«Апырай-ай, тағы да селдетіп тұрып алмаса болды да. Биылғыдай жауынды бұрын-соңды көрмерті. Көрші отырған қойшы Дүйсен шал да таңғалып: «Баяғыда бала кезімде, тө-у-у ... Мекалай патша заманында осындай енапат жауын болып еді. Онда бар ғой, бір жеті бойы төпеді де тұрды, құмға қақ тұрғанын сонда көріп едім. Содан кейінгі мұндайды көріп тұрғаным – осы», – деген болатын. Бес күн нөсерлеткен жанбырдың тоқтағанына да бір аптадан асыпты, енді қайта басталмаса етті».

Ол атына мінді. Жаңа ғана тек желмен қосыла үілдеген бұта мен шөп үні, қойлардың шөп жүлған дыбысы, Томай торының ауық-ауық пысықрғаны мен Жолдыаяқтың қыңсылағанынан өзге үн жоқ даланы оның айқайы мен сылдырмақтың сылдырғы азан-қазан етті. Темір шығыршыққа өткізіліп жасалған, шағын түйежайпақрайтай төрт-бес қанылтырды бұл төңірек сылдырмақ деп атайды. Оны қойшының негізгі еңбек құралы десе де болғандай. Отарды қайыруға одан артық ешнәрсе ойлап таба қояын да қиын болар, сірә. Басын ілмекше кертпеш етіп жасаған тапкіпен қалаған тұсына лақтырып кеп жібердің болды, ол салдырай ұшып, дүниені басына көтереді. Ол түскен манайдағы үріккен қойлардың кері қайтпауға, не бағытын өзгертпеуге шамасы болмайды. Ал оны түскен жерінен ат үстінде жүріп-ақ әлі тапкіпен іліп алып, қайта лақтырасың. Отардың арғы жағында жүрген Жолдыаяқ әдеттегі мінезіне басып қиыстай бұра тартқан кара текені отар арасына қуып тықты, кара теке болса дым болмағандай басын кекшіте қойлардың алдына шығуға ұмтылуда.

Отар ауылға бет түзеді, күн райының бұзыларын сезді ме, әйтеуір, жөңкіле жөнелген қойлардың тек алдыңғы жағындағылар ғана асыға жерден бірдене ілуде. Ал соңындағылардың олардың қарасына ергеннен басқаға шамасы жоқ. Әскери сапта алдыңғы лектегілер жай адымдап жүріп келе жатса, соңындағылардың жүгіргенге жакын жүрісі болушы еді, бұл да құдды сол сияқты. Бес жылға созылған алапат соғыстың қиындығын бастан өткізді, оның екі жылында қанды қасап ортасында болған, бірнеше рет жарақат алған, ауыр жарақатынан соң елге оралған ол бұрынғы ата қасібіне кірісіп, шопан таяғын қолға алған болатын. Бәлкім, соғыста болған жерлерінен басқа сыртқа шықпай, тіпті, мына тұрған Аралға да барып көрмегендіктен бе екен, ол тіршіліктегі барлық жайтты әскер өмірімен, соғыс кезінде көргендерімен салыстыра қарайтын, соған тенейтін. Бұл жолы да сойтті.

Ойына өткенде ғана көршісі Дүйсен шалдың кемпірі айтқан әңгіме оралды. «Шырағым, абай болшы. Өткенде сен қойда жүргенде мына әйел үйде жалғыз ғой деп халін білейін деп ауылына бара қалып едім, шошып қайттым. Екі ауылдың арасы тиіп тұр, үйлердің төбесін көріп отырмыз, қатыспасаңдармыз ұят дегендік қой менікі. Кеше Нәзіпа барда қандай едік, түскі асты біздікінен, кешкі асты сіздікінен дегендей... Иә... Жан Алдам, жайын жәннатта қыла гөр келіннің. Сосын мынаған күрт-ірімшігімді алып, жауу келе салғанмын ғой, үйдің ішінен: «Сен көрбақты құртып тынбай маған жарық жоқ шығар, шешенді жұтқаныммен қоймай мені де жұтарсың бір күні. Қақылдайсын да жатасың. Жұрттың «Өзіне бай, қызына әке болады» дегенге сеніп қалғаным-ай. Сенбегенде не істеймін, бай болса өлді, елде еркек қалған жоқ, бәрің соғыс жалмады. Мына қызбен күнкөрісім нашарлап бара жатыр, енді қайткен бұған тімегенде. Ал мұның мәнін қызыма әке болатын түрі жоқ. Бар ықыласы мына шаранада, емесісі құриды да тұрады. Әллия-ау, мұны құрту керек, сонда ғана көзіміз ашылады, жеңешемдікі дұрыс», – деген

естілді. Қызына сөйлеп жүр ме, әлде өз-өзімен сөйлеп жүр ме, ит біліп пе, бірақ осылай дегені анық. Менің келгенімді білмей қалды-ау шамасы, естімеген болып, ешнәрсе айтпай кеттім. Бірақ, әйтеуір сақ бол, мына қатын бірдене ойлас-тырып жүрген сияқты».

Иә, одан соң бұл оны бақылай бастаған-ды. Бірде ол жатар алдында байқамаған болып, үлкен жастықты құндақтаулы баланың үстіне тастай салды. «Тұншығады-ау». Бұл жастықты тез жұлып алды, сәби қып-қызыл болып кетіпті, ал ол болса: «Ойбай, аңғармаппын ғой» деп жатыр. Бұл түйіле отырып сол жолы оған балаға мұқият болуын, егер жазатайым оған бірдеңе болса, ондырмайтынын ескерткен.

Кеше қой қораның есігін бекітсімен үйге қарай қадам басыу мұң екен, шарылдай жылаған бала даусын есітті де, жанұшыра табалдырықтан аттады. Сөйтсе, төрт жастағы Әллия мұның ұлының аузына тары талқанын тығып жатыр екен. Бала тұншығуға жақындаған. Әйелі болса тағы да түк білмеген болып: «Бөпенің қарны ашты деп жүр еді, өй, ақымақ қызым-ай, бүйітуге бола ма екен, байқамағанымды қарашы» деп азар да безер болды. Бұл оның қылуасынан қорқайын деді.

Ол асыға бастады. Алаңдаулы. Осыны күткендей төңірек қараңғылық пердесін жамылғандай болды да, нөсер құйып берді. Бұл кезде отардың алды есігі ашық тұрған қораға шұбыра еніп бара жатқан еді. Томай торыны төбесін шыптамен жауып, үстіне жаман-жәутік пен жалба тастаған қалқа астына байлап, киіз үй есігін серпе ашқан сәтте шатыр-шұғыр еткен найзағай төңіректегі жап-жарық еткен. Үйдегі білте шамның не жанып, не жанбай тұрғаны да байқалмай қалды. Оның көзі бірден ошақта жатқан құндақтаулы балаға түсті.

Әй-й-й... Шатыр еткен найзағай үнімен қатар шыққан оның даусы маңайды сілкінтті, үй ығында жатқан Жолдыаяқ Томай торы тұрған қалқаға қарай зытты. Ол отқа ұмтылды.

...Оттан жұлып алған құндақтың жалпыны өшер-өшпестен қушаңа қысқа күйі атқа қонған ол отыз шақырым жердегі ауылдық ауруханаға жеткенше Жаратқанға, ата-баба аурағына сыйына ұлынын тірі қалуын тіледі. Ауруханаға жеткенше көз жасы тийылмады. Жасты сүртуге де шама жоқ, бір қолда бала, бір қолда тізгін, тек мұртты саумалап келгенін жұта берді, жұта берді...

Құдай тілекті беріп, Асаны аман қалды, дорігерлер: «Баланы періштісі қағыпты, енді он бес-жиырма минут кешіккенде айрылып қалатын едің» деді бұған. Мұның алқымына бір нәрсе тығылғандай болды, көзге жас келді. Оның мұндай күйге екініші реті түсуі еді, біріншісі – Нәзіпаны жерлеу сәтінде болған. Онда да аздан соң жүрегі жаншып ауыра бастаған, бұл жолшы да сөйтті. Ал, әйелі болса тағы да: «Байқамай қалдым, жылылау болсын деп отқа жақын қойып едім, домалап кеткенін қарашы» деуден жазбады.

Пойыз тұн ортасы ауа Шалқарға жетті, ал тілші жігіттің ұйқысы келер емес. Ойына Әсияның: «...Ал сол әйелдің әлгі өгей шешесінің мұны өлтіріп жібергісі де келген емес пе құндақтаулы кезінде. Періште соның барлығын біледі, сөйте тұра «анам» деп жаны қалмайды. Қызық... Өзіне сондай істеген адам. Ол әйел ертеректе менің шешеме келіп жылапты ғой: «Құдай-ау, сол кезде неден алжасқанымды, азғырғанға еріп... шайнам ми болмағаны-ау менде... мына бала «апа-лап» асты-үстіме түскен сайын жанымды қоярға жер таба алмаймын. Ішімнен шыққан қызым маған ондай ықыласты емес. Ал, бұл бөлек... Оны көрген сайын күнде өліп отырмын ғой қазір» – деп. Е... Алланың жазуы да... Ол кемпірдің де «Біздің Асанжан періште ғой, біз құсаған сорлаған пенделерді Аллаң, өзін кеше гөр дегенін» де талай естідім...» дегені оралды да, бұл да ішінен «Аллам, өзін кеше гөр» деді.

Алдажар ӘБІЛОВ



● ФИБРАТ

Қазақста «Дүние – қолдың кірі» деген сөз бар. Бұл тұжырымның байыбына тереңірек бармасаңыз, жұрттың бәрін дүниені тәрк етуге шақырып тұрған ұран секілді. Ал, шын мәнісінде, тіпті олай емес. Мақал бірыңғай дүниеқоңыздыққа кеткендерге арналғанымен, жалпы дүниенің керектігін жоққа шығармайды. Себебі адамның өмір сүруі үшін әртүрлі материалдық игіліктер қажет-ақ. Солардың жиынтық дәрежесіне қарай, адамдарды шартты түрде бай, кедей деп жатамыз. Соңғы өлшеммен алғанда, мен сол кедейлікке жақындау болып өстім, қалыптастым. Содан болар пединститутқа конкурстан өтіп ауысқанымда кедейлік шырмауынан арыла алмай біраз қиындықтарға кезіктім.

Еңбегі еленген ер

Запыранға толы зарымды кафедра меңгерушісі Авербух Михайл Соломонұлы түсініп, КазМУ-дың аспирантурасына орын алып береді. Алматыға келсем аспирантура бөлімінің меңгерушісі Зинаида Уәлиханова менін орнымды пединститут басшылары біреуге бергенін айтып, маған КазПИ-ге баруға кеңес берді. Сөйтіп КазПИ-дің аспирантурасына қабылданып, Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор С.Толыбековтің жетекшілігімен ғылым әлеміне қадам бастым. «Иә, қазір мені жұмыстан шығармаса, аспирантураға кетер ме едім, КазМУ-ден қумаса, кім болса соның қолы жете бермейтін ғұлама ғалым Серғали Еспенбетұлына кездесер ме едім?» деп, палсапа заңына құлшылық ете отырып, маңдайымнан сипамаған ағаларыма рахмет айтамын.

Аспирантураны бітіріп келсем, орныма басқа біреуді қабылдап, мені философия кафедрасына ауыстырды. Тағы да деп-сал күй кешіп жүргенде, пединститут проректоры, профессор Н.Күнхожаев ДГМСИ-дің директоры Уәлихан Қозыкеулына баруға кеңес берді. Уәлиханнның кабинетінен бір-ақ шықтым. Раушан деген қарындасым келгенімді айтып шықты да:

– Кіріңіз, – деді күлімсіреп.

Екінші этаждағы кең кабинеттің төрті жағында шолажкен көйлек киген, моңғол тектес, бұйра қара шашты, отыздар шамасындағы тығыршықтай қараторы жігіт:

– Отырыңыз, – деген ишарат білдірді. Құжаттарымды көріп, көп сөзге келмей:

– Қыркүйекте сабакқа келіңіз. Саяси экономиядан 3-курс студенттеріне орыс тілінде дәріс окисыз, – деп қысқа қайырды.

Аға оқытушылыққа бұйрық беремін дегенде, жұмысқа қабылдай ма, қабылдамай ма деген дудамал оймен келгенде бейтаныс басшы төбемнен бақыттың шапырын жайып жібергендей сезіндім. Аға оқытушылықты алдыма өңгере салғанына таңғалып, ішімнен сенімдідімді актармын деп серт те беріп үлгердім. Міне, сол күннен Уәлихан Қозыкеулымен бірлескен қызметіміз басталды.

ДГМСИ-дің Қызылорда филиалының ашылуы сол кездегі кейбір скептиктердің «тек қазақтар тұратын облыста жастарға техникалық білім беретін оқу орнының табысты жұмыс істеуі мүмкін емес» деген ойының тас-талқанын шығарды. Тек облыс үшін емес республика сұранысын қанағаттандыратын

сапалы, жоғары білімді мамандар даярлана бастады. Сыр еліне танымал құрылысшы Сұлтан Махамбетов Мәскеу мен Алматыдағы министрліктердің есігін тоздырып, қаржы көзін тауып, қарқынды құрылыстар жүргізді. Филиалдың оқу-материалдық базасы күннен-күнге нығайды, жоқтан бар жасалды. Осының бәрі Уәлиханнның басқару шеберлігі, лауазымды басшылармен тең тіл табысуымен жүзеге асып жатты. Сөйтіп, филиал институтқа, кейін университетке – іргелі оқу орнына айналды. Қазір Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті республикамыздың алдыңғы жоғары оқу орындарының қатарында.

Шебер басшы, ұйымдастырушы ретінде Уәлиханнның іскерлігінен қандай ерекшеліктерді көруге болады? Ең алдымен, қарамағындағы қызметкерлерге деген сенімі. Ол әркімнің кабинетін, ой-өрісін, білімін, мінез-құлқын, керек болса, отбасылық жай-күйін есептеп, өлшен-пішіп шешеді. Әркімнің ынта-жігерін жандандырып, қайратын жаниды, еңбек нәтижесін көруге жетелейді.

Уәлиханнның басқару әдісінен тағы бір ерекше айтатын нәрсе – әрбір қызметкерге оның лауазымдық міндеттері шеңберінде еркіндік беруі. Бұл сөз жоқ, бірінші басшысының сенімінен туындайды. Содан да болар, кафедра меңгерушілері, факультет декандары оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруде ын-тамен, шығармашылықпен жұмыс істеп, басшы тарапынан бастау алатын ұсыныстар қолдау тауып тұрды. Екіжақты түсіністікке негізделген жұмыс тиімді нәтиже беріп, аз уақыт ішінде Уәлихан басқарған филиал ұжымы ғылым, білім, өнер, тәрбие бойынша облыстағы оқу орындарының алдыңғы сапында тұрды. Оқу-материалдық базасының жоғары қарқынмен дамуы нәтижесінде кафедра директі Ү.Жақаев атындағы агро-өндірістік инженерлер дайындайтын институтқа, кейін политехникалық институтқа айналды. Қазіргі қаланың ортасындағы 5-оқу корпусы, жатақхана, «Жігер» кафеісі, т.б. ғимараттар, 40-тан аса баспаналы болған оқытушылар мен қызметкерлер отбасы Уәлихан есімін паш етіп тұрғандай.

Уәлихан Қозыкеулының тағы бір айтуға болмайтын қасиеті – адам танитындығы. Осыдан бір нәрсе шығады-ау деген азаматты жеңіс пен жеңілістен тұратын өмір додасына қосып, табысқа ынталандыру үшін оған кейде оп-оңай жеңіс көкпарын алдына

өміз өңгертсе, кейде көкпарға ұмтылған ессіз тобырдың артына шаңға батырады. Сөйтіп соны ширатады, шынықтырады, қиналғанда шығатын ащы тердің кермек дәмін таттырады, тек іздену және еңбекпен келетін абырой-атаққа жетелейді. Соған жігерлендіреді. Бәйгеге қосатын құнанның терін алғандай әбден аясына келгенде, үлкен сеніммен жарысқа қосып, қайта озып келуін жан-тәнімен тілеп, межеден өзі күтіп алады, оның жеңісіне қуанады.

Жоғарыда айтқанымдай, әркімнің жеке мүмкіндіктерін жете білген Уәлихан Ленинградтан институт бітіріп, осы қаланың жоғары мәдениетін, парасаттылығын қабылдаған, жоғары оқу орнының ережесін жатқа соғатын, қос тілді Серік Тойымұлын бірінші орынбасары етті. Берілген тапсырманың жігіт жатқызып, ұқыпты дәл уақыттың орындайтын, аз сөйлеп, көп іс тындыратын Өмірбек Үмбетовке қабылдау комиссиясының хатшылығын тапсырды. Жүзінен жылылық лебі есіп тұратын, қос тілді жетік меңгерген Аян Ибрагимқызына кеңестің ғылыми хатшылығын жүктеді. Қаладағы темір мен тактайдың, трубалардың қай мекемеде, қай жерде жатқанын ұйқысынан оятып сұрасаң, жатқа айта беретін Әлібек Есенқараевты шаруашылық жөніндегі орынбасары етті. Талай ғимаратты сәнді әрі сапалы етіп салған танымал құрылысшы Сұлтан Махамбетовті құрылыс жөніндегі орынбасарлығына, студенттердің жоғын жоқтап, солар үшін бәрине де дайын тұратын, ұйымдастыру қабілеті жоғары, оқу-тәрбие жұмыстарында жедел әрі дұрыс шешім қабылдайтын Тұрлан Өтешұлы Искаковты факультет декандығына лайық көрді. Республикаға еңбегі сіңген архитектор Мәлік Сапарғалиевті, сұраған затын алмай қоймайтын Әлі Ибрагимұлын кафедра меңгеруші, қызметте де, үйінде де партияның уставын басына жастап жататын Райхан Құтжанқызын партия ұйымының хатшысы, кеңестік идеологиямен бақайшығына дейін қаруланған Ә.Жұмаділдаевті хатшының орынбасары қызметтеріне қойды. Олардың табысты, нәтижелі, тиімді еңбек ететініне сенді.

Шаңырағын шыркау биікке көтеріп отырған Альмира Нұрлыбекованы қалай айтпасақ?! Ғылыми лауазымының орта жеріне дейін келіп, оның шексіз мөресіне жету эстафетасын Уәлиханға тапсырып, «инемен құдық қазудағы» қиындықтарды бірге бөліскен Альмира барлығын ақы-

лымен жеңіп, адал жайылған кең дастарханынан талай адамға дәм татқызды.

Қызылордадан кейін Уәлихан Қозыкеулының өмір жолындағы табыстары айтарлықтай. Тараз мемлекеттік университетін басқарған жылдары университетке ортағасырлық ғалым-философ Мұхаммед Хайдар Дулатидің есімі берілді. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақстан жоғары оқу орындарының үштігіне кірсе, 2005 жылы табиғи қалдықтардан жаңа құрылыс материалдарын өндіргені үшін У.Бишімбаев бастаған университет ғалымдарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Парламент Мәжілісінің депутаты болған жылдары индустриалды-инновациялық саясатты енгізуге күш-жігерін жұмсады.

Оның ғылыми жетекшілігімен 21 докторлық, 31 кандидаттық диссертация қорғалыпты. Әзі – 17 монографияның, 37 оқулық пен оқу құралының, 700-ден аса ғылыми мақаланың, 123-тен астам авторлық, патенттердің, инновациялық патенттердің иегері. Осы сандық көрсеткіштер академиктің ғылыми мүмкіндіктерін қалай пайдаланғанын дәлелдесе керек. Ғылыми еңбектерінің көпшілігі Арал өңірінің табиғи ресурстар мен экономикасына байланысты. «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталған. «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», ҚР Білім, ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының иегері. Шетелдік ғылым академияларының, ғылыми қоғамдардың дипломдарымен, медальдарымен марапатталған. Қазір ғылымды дамыту бағытындағы қоғамдық қордың жетекшісі.

Уәлихан Қозыкеулы Сырхалың нәрлі суын сіңірген, Сыр қалқының нағыз қазаққа тән асыл қасиеттерін сол қалпында қабылдаған, еліне бергенінен берері көп үлкен тұлға! Осындай тұлғалардың ойлы іс-әрекеттерінің кейде уақыттан да ерте жүретінін есептесек, шын мәнінде, Уәлихан үшін 75 жас түк те емес. Алда әлі талай асулар тұр. Қызылорда университетінің өзі салдырған 5-оқу ғимаратынан арнайы дәрісхананың берілуі университет ұжымының оған деген құрметінің көрінісі болса керек.


Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Қорқыт ата университетінің профессоры

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

● ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

«Ащы да тәтті өмір»

Жазушы Жолтай Әлмашұлының «Ащы да тәтті өмір» деген кітабы түрік тіліне аударылды. Өзжан Перска тәржімалаған және Қазақстан Республикасының Елшілігі мен Еуразия Жазушылар одағымен бірлесіп шығарылған кітапта повесть немесе қысқа романдар деп санауға болатын екі мәтін бар. Біріншісі «Олигарх және олимп», екіншісі «Интердам» деп аталады.



Екі шығарманың ұқсас жағы – автор адамзат пен ол бастан кешіп отырған жүйе арасындағы байланыс шынайылығына күмән келтіруге ұмтылады. XX және XXI ғасырдағы қоғамдық-саяси билікке, тіпті жаһандық жүйеге, астарлы сын көзімен қараған. Сонымен қатар, адам үшін жекелеген қажытыстармен күресу және өз өмірінің мәнін түсінуге тырысу, сондай-ақ басқа адамдармен белгілі бір саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйе шеңберінде қарым-қатынас орнату мен оларды жалпыадамзаттық қасаң принциптерден сақтандыру маңызды екендігін еске салады. Қазіргі әлемде қарқынды дамулар орын алып, биополярлық жалпыадамзаттық тәртіпте капиталистік және социалистік жүйе арасында үлкен билік үшін күрес жүріп жатқаны рас. Ақшаның жекелей масштабта әкелетін күші мен харизмасы пенделердің өмірге деген көзқарасын өзгертсе, жаһандық ауқымда ұлы державалардың мүлді делері соғысына негізделген халықаралық жүйе адамдар мен адами құндылықтарды бұзады. ХХІ ғасырдың ерекше жағдайлары мен капиталистік жүйе туыдырған қиындықтар және қалыптастырған нарықтық экономика әдебиетте әлеуметтік мәселе ретінде көрініс бере бастайды.

Кеңестік кезеңде, өзін-өзі сынауға тырысқанда, жаңа тәртіпке бейімделу процесін ауыртпалығын жүенуге тура келетін жұмырбастыларға өз мүлді делерінің, өз халқының қайғы-қасіреті мен ізгіліктің бір ретінде адамгершілікті таңдауға сенсе берілді ме? Олардың жеке және ұлттық деңгейде өмір сүру бағытындағы күресі әділдік пен теңдікке ұмтылу бола алды ма? Жеке адам айналасынан үлкен қоғамға дейін созылатын бұл процесс Жолтай Әлмашұлының шағын романдарында адам болмысын айшықтау мен жүйені сынауға айналады.

«Олигарх және олимп» автордың айшықты алғысөзінен басталады. Жазушы бұл алғы-

сөздің алғашқы жолдарында-ақ олигарх деген аты бар бай-билеушілерге негізделген жүйе мен адамдарды санада салмақтап, сыни көзқараспен ой өрбітеді. Капиталистік дәуірге көшу ауыртпалықтары мен байлықтан басы айналып, өз құндылықтарынан алыстағандар туралы баяндайды.

«Интердам» шығармасының бас кейіпкері – Қоңырхан есімді журналист. Облыстық газетте жұмыс істейтін Қоңырхан жаңа заман технологиясын жақсы меңгермесе де, қасібіне орай кейбір жаңашылдықтан алыс емес. Өзі жұмыс істейтін газеттің басшысы Қоңырханнан қызықты да оқылмалы мақала сұрайды. Қиялға беріліп, не жазушы ойлапты отырғанда, бір күні оған интернеттен хабарлама келеді. Хабарламаны жіберуші «Interdam» атты пайдаланушы және бұл қолданушының жалғыз ақпаратты. Қоңырхан ә дегенде бұны кім жазғанын түсіне алмайды. Хабарламаны жіберуші өзін «мырза Х» деп атай алатынын айтады. Бұл адамның (бәлкім адам емес пе?) нақты кім екенін білмесе де, Интердамның өзі туралы көп мәлімет білетінін түсінеді және бұл жағдайға таңғалады. Ол Қоңырханның кей пікірлеріне қарсы шығып, онымен интеллектуалды пікірталас жүргізгісі келетінін айтады.

«Олигарх және олимп», «Интердам» романдарында жекелік құндылықтарды жоғалтпай, әлеуметтік және жаһандық жүйеде өмір сүру үшін жеке адамның күресіне назар аударылған.

Технология, әлеуметтік құрылым мен философия тоғысатын адамзат пен жүйе туралы көпжақты талқылауды қарастыратын бұл шығармалар жазушының қазіргі заманауи серпілістер мен тайталастарды терең бақылап отыратынын және осы оқиғалар туғызған адамзаттық проблемаларды өз шығармаларына шынайы қалпымен, батыл түрде кіргізе алатынын анық көрсетеді.

«СБ» ақпарат

Сексеннің сәулелі бейнесі

Қай қоғамда болмасын, білім беру ісі – өзіндік сара жолы бар жауапты да күрделі сала. Олай дейтініміз, ұстаз еңбегінің нәтижесі бүгін емес, ертеңімен бағаланады. Сол себепті, талаппен ұштасқан табанды еңбек нағыз ұстаз болмысын айшықтап, биікке шығарады.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ҚР Білім беру ісінің үздігі, “Еңбектегі ерлігі үшін” медалінің иегері, еңбек ардагері, ойы озық, шығармашылығы терең ұстаз Оразбай Қосанов – шәкірт тәрбиесіне шын берілген жан. Ол еңбек жолын мұғалім болудан бастап білім бөлімінің бас маманы, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры, колледж басшылығы сияқты жауапты қызметтерді атқарды. Бір сөзбен айтқанда, білім беру саласының барлық сатысынан өтті. Кешегі кезеңдегі белсенді қоғамдық ұйым – комсомол комитетінің бөлімін басқарып, жастар тәрбиесіне өзіндік үлесін қосты.

Ардагер ұстаздың айтуынша, балаға кітаптағы жазылған ақпаратты кез келген мұғалім оқытады. Алайда нағыз ұстаз болу үшін бұл аздық етеді. Күнделікті сабақтың тақырыбын қарапайым өмірмен ұштастырып, шығармашылық қабілетімен шынайы түсіп, оқушының жан дүниесіне



жеткізе білуі керек.

– Мұғалімнің жауапкершілігі бұрын да жеңіл болмаған, қазір тіпті ауырлай түскен. Мәселен, біздің уақытымызда мұғалімдер үлкен ізденіспен еңбек ететін. Ол кезде көрнекі құралдар жетіспейтін, әдістемелік оқулықтар жоқ, қазіргідей ғалымдар деректерін пайдаланатын мүмкіндік болмады. Әр сабақ үшін қажетті қосымша мәліметтерді мұғалім өзі дайындайтын. Оған қоса түрлі тақы-

рыптағы ашық тәрбие сағаттары мен мектепшілік сайыстар ұйымдастыру арқылы балалардың талантын танып, қабілет-қарымын бағалап отыратын. Алайда осындай қоғамдық жұмыстары үшін мұғалімге ешқандай қосымша ақы төленбейтін. Нәтижесі сол – ұстаздар шығармашылығын дамытып, тәжірибесін толықтыратын. Айтаын дегенім, бүгін-де педагог мәртебесі айқындалып, әлеуметтік қолдаулар қарастырылған. Еңбек-ақылары жыл сайын еселеп өсіп келеді. Мектептердің материалдық-техникалық базасы нығайған. Осындай жағдайда білім мен тәрбие беру ісінде кемшілік болмауы тиіс, – дейді қарт ұстаз.

Ұстаздық жолы өмірінің мәніне айналған О.Қосановтың “Кемел тәрбие берімей, келісті ұрпақ өспейді” деген ұстанымы кез келген адамға ой салады. Бұл орайда бала тәрбиесінде мұғалімнің тек біліктілігі ғана емес, жеке басының мәдениеті, қоғамдағы орны маңызды екенін бағамдаймыз. Әсіресе, осынау технология дәуірі туған шақта мұғалімнен шәкірттің қабілеті асып түсіп жатса, оған таңғалуға болмайды. Мәселен, қазір балабақша қабырғасындағы бұддіршіңге дейін сандық байланыс құралын еркін игеріп алған. Сондықтан мұғалім талмай ізденіп, уақыт ағымына ілесе отырып, шәкірттің қабілетіне сай қажетті дүниені ұсына алуы керек. Осындай ой-пікірін айта келіп, “кемелдік тектен емес, тәрбиеден” деп тұжырымдады ардагер ұстаз.

Арал ауданы Қуланды ауылында қарапайым балықшы отбасында өмірге келген Оразбай Сағындықұлы сол бала кезінен табиғат тынысына құлақ түріп, теңізбен үндес тіршіліктің талабын бойына түйіп өскен. Әлі есінде, өзі тұратын шағын үйден бес жүз метрдей жерде жағасын толқын ұрып, шағаласы шулаған Арал теңізі болатын. Теңіздің тайдай тулаған балғығы ауыл-аймақтан асып, мемлекет қоймасына жөнелтіліп жататын. Сол бір керемет көрініс бірте-бірте көмескіленіп, қазіргідей халге жетті. Қоғамдағы, ел ішіндегі осындай өзекті мәселелерге бейжай қарамай, өзіндік көзқарасын танытып жүретін белсенді ұстаз, қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Оразбай Қосановтың “Экологиялық терминдер түсіндірмелі сөздігі”, “Қызылорда облысы жан-жануарларының экологиялық ахуалы” атты кітаптарын жарыққа шықты. Сондай-ақ осы тақырып аясындағы “Адамдарға айтарымыз бар” деп аталатын кітабы баспаға берілді.

Ал 2019 жылы баспадан шыққан “Балаларға базарлық” атты шығармашылық туындысы – бала тіліне бейімделген жыр шумақтарының жинағы. Көркем безендірілген кітапта үй жануарлары мен аң-құстарды сипаттайтын, балабақша, мектеп және отбасы құндылығын дәріптейтін шағын шумақтар балғын оқырмандарды адамгершілік қасиетке бау-

Білім саласындағы қазіргі өзгерістер жайлы ой-пікірін сұрағанымызда, ол кісі былай дейді:

–Тәуелсіздік алғалы білім саласында бірнеше реформаны тәжірибеден өткізді. Оның ішінде қажетке жарағаны да, жарамай қалғаны да бар. Дегенмен, бұл – ізденістің көрінісі. Ғылымда жаңалықтар іздену үшін еркіндік пен шығармашылық ашылу қажет. Әр кезеңде жеке адамның мүддесі емес, қоғам үшін қажетті дүниелерді анықтап, тәрбие саласына енгізіп отырған жөн.

Ықылым заманнан бері айтылып, таңғалатын та жүрген бала тәрбиесі тылсымы терең, табиғаты өзгеше өміршең тақырып. Түптеп келгенде, ой-өрісі дамыған, зерделі де зейінді ұрпақ тәбиелен өсіру – баршамыздың ортақ борышымыз. Бұл ретте қоғам, мектеп және ата-ана күш біріктіріп, шын жанашырлық танытыуы тиіс. “Көк шыбықты қалай исең солай майысады”, сондықтан баланың бойына жастайынан ұлттық тәрбиені ұялата білу керек, – дейді.

Ардагер ұстазбен әңгімелескенімізде іргелі салада әлі де айтар сөз, талқылайтын тақырыптың көп екенін аңғардық. Білім саласының ардагер майталмандары – Т.Тұрлашев, С.Боханов, С.Жүнісов, К.Алтыбаев, З.Ижанов сынды есімді ел есінде қалған ұстаздардың көзін көріп, қатар жүрген Оразбай Қосанов ағамыздың да кейінгі бұынға қалдырар өсиеті жетіп-артылады.



Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында өз басымнан кешірген бірнеше жайттарды баяндауды жөн көрдім. «Сыр елі – күріш елі» деген желеумен мансап пен атақ үшін жасалған тіршіліктер Одақ көлеміне тарады. Күрішшілер жетістіктеріне күдікпен қараған Кеңестер Одағының ақбас ғалымдары алдында Краснодардағы Кубань Ауыл шаруашылығы институтында өндіріс жетекшісі ретінде облыс дикандарының ерен еңбегін, көрсеткіштерін шырылдап қорғалым. Олардың көзін жеткізгенім мақтаншы емес, басымнан өткізгендерімді оқырмандарға жеткізуді жөн көрдім.

Ол кезде Жалағаш ауданының Калинин атындағы кеңшарда өндіріс бригадирі болып жұмыс істейтінім. Екі жоғары оқу орнын бітірген биолог, ғалым-агроном, орда бұзар отыздың ішіндегі кезім. Шаруашылығымыз – «Гавриссовхозстрой» жүйесіне қарайтын көпсалалы кеңшар. Облыстағы алдыңғы қатардағы, өндірісі өрге домалап, дүрілдеп тұрған. Сегіз таңапты инженерлік жүйеге келтірілген жер агротехникалық талаптарға сәйкес игеріліп, күріш көлемі 3100 гектарға жеткізілді. Орта есеппен гектарына 50 центнер үстінде өнім алынып, жекелеген күрішшілер 62-70 центнер, одан да жоғары өнім алуға қол жеткізіп жүрген кез еді.

Сол жылы өзім басқарған бригада 350 гектар күріштен ер гектарынан 56 центнер, ал, Цой Рикс, Цой Константин, Чай Юр Сен 65 центнер өнім алған.

«Гавриссовхозстрой» жүйесінің күріш шаруашылығындағы өндіріс жетекшілері мен агроном мамандары жыл сайын егін жиналып болғаннан кейін, Краснодар қаласындағы Кубань мемлекеттік Ауыл шаруашылығы институтының жанындағы екі айлық білім жетілдіру курсына оқуға жіберілетін.

Мен 1979 жылдың қараша айының ортасында сол курскқа оқуға бардым. Краснодар өлкесі – Қара теңіз жағалауындағы қысы жұмсақ, жері көкорай шалғынды, шағын орманды, қара топырағы гумска бай, ауыл шаруашылығының інжу-маржанына айналған аймақ. Кубань Ауыл шаруашылығы институтында он бір мың студент 16 мамандық бойынша білім алады екен. Оның екі мыңға жуығы Азия, Африка, Латын Америкасынан келген студенттер болса, мыңға жуығы Социалистік лагерь елдерінің тыңдаушылары болатын.

Одақ көлеміндегі күріш егетін Қыр Шығыстағы Амур бойынан Орта Азия, Қазақстан, Дон, Ставрополь, Краснодар өлкелерінен өндіріс жетекшілері мен мамандар өзара тәжірибе алмасып, білім көтерді. Тәжірибе алмасу кезінде қызу айтысқа да түсіп жүрдік. Институтта аты Одаққа, дүниежүзіне танымал ғалымдар дәріс оқыды. Солардың ішінде 1960-1970 жылдары Қызылорда облысында жана жерді игеру жұмысына басшылық жасаған инженер-гидротехник одақтық «Гавриссовхозстрой» тресі бастығының орынбасары болған, Қызылқұм, Шардара, Қызылорда, Солжақа, Қазалы, Түгіскен массивтерін игеруге қатысқан доцент Н.Болконский деген кісі болды. Ұзын бойлы, ірі денелі ол «Мен

«Өткенді білмей, жаңаны жасай алмайсың» дегендей, өткеннің бәрін жамандай беруге болмайды. Өткеніміз – халқымыздың жүріп өткен жолы, ел тарихы. Сондықтан кенестік дәуірдегі азаматтардың мағыналы істерін жастардың есіне салып отырсақ, артық болмас.

Өткен күннен бір белгі



Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романындағы князь Болконский емесіпін, инженер-гидротехник, доцент Болконскиймін» деп лекциясын бастайтын.

– Осында қызылордалық жерлесім отыр, – деп, менің тұруымды өтініп, біздің елде атқарған жұмыстарын, қызықты өмір жолын әңгімелеп, тыңдаушыларды үйіріп ала кететін. Лекциясының негізгі бағыты – біздің облыстағы еңбек еткен жылдары, жанадан тегістелген инженерлік алқаптарда атқарылған гидротехникалық жұмыстар жайлы. Тегістелген алқаптарды пайдалануға бергендегі қызықты шақтарын, қазықты қонақжайлылығын, киіктің етінен кырыдақ жасағанын айтып, тыңдаушылардың аузынан суын ағытатын. Сол кезде өзімен қызметтес болған Бозғұлов, Мақұлбеков, Шек Миронды айтады. Аудан, облыс басшылары Ықсанов, Бектурганов, Әбдіқаримов, Қазантаев, Бакиров, Арыстанбаевтың халықпен жұмыс істеудегі, ел басқарудағы іскерлігін әсерлі елгізетін.

Күрсе жетекшісі ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы В.Масловцев қызылгүлшілік танытып, біздің күрішшілердің өндірістік көрсеткіштерін, тәжірибелерін, мол өнім алудың жолын қызықтап, сұраумен болатын. Барған бойда менің мәліметтеріммен танысқан «Тропикалық және субтропикалық өсімдіктер» кафедрасының меңгерушісі, доцент В.Павлюков Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Калинин кеңшарында күріштен мол өнім алудың агро-техникалық шаралары жайлы, облыста күрішшілердің жоғары өнім алудың жолдары туралы реферат дайындауды тапсырды. «Сіздің күрішшілердің әр гектардан 100 центнер үстінде өнім алуы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарын қызықтыруда. Сондықтан ғылыми кеңеске толыққанды мағлұмат беруге тиіссіз. Кеңес жұмысына институт директоры академик Алешин қатысады» деп маған жауапкершілік артты.

Өзіммен бірге ала барған мәліметтерімді аудан, облыс күрішшілерінің іс-тәжірибелерін, өндірістік көрсеткіштерін жинақтадым. Рефератымның негізгі шаруашылықтағы күріш егісінің агротехникалық шаралары, өндірістік бригаданың көрсеткіші, облысқа танымал дикандар Цой

Рикс Сергеевич пен Мыханова Камалдың жұмыстары болды. Сол жылдары мен басқарған бригада еңбек ұйымдастырудың механикаландырылған звено жүйесіне, еңбек төлеудің аккордтық жүйесіне көшкен болатын. Еңбек ұйымдастырудың агротехникалық күтіп-баптау, сугару, жинау, еңбекақы төлеу жолдарын қамтыдым. Үлкен шайқасқа дайындалдым.

1980 жылдың 15 қаңтары әлі есімде. Институттың акт залы ғалымдар мен студенттерге толған. Ине шаншар жер жок. Азия, Африка, Латын Америкасының тыңдаушыларын баршылық. Кеңесті институттың білім жетілдіру бөлімінің проректоры А.Краснов ашып, өндіріс практиктерінің іс-тәжірибесін ғылымның қозғаушы күші болатынын айтты. Кейінгі жылдары күріштен мол өнім алып жүрген Қызылорда облысының күрішші маманы деп маған сөз берді. Мен біздің облыстың Краснодар өлкесі күрішшілерімен тығыз байланыста екеніне, бұл байланыс елшінің жылдары мемлекет, қоғам қайраткері ресейлік қазақ, кезінде Астрахань облысы обкомының хатшысы, кейіннен Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Сужиковтың тікелей басшылығымен орнағанына тоқталдым. Оның ұсынысы бойынша «Кубань-3» күріш тұқымы бізде аудандыстырылып егіліп, өңірге тез бейімделіп, мол өнімге қол жеткізіп жүргенімді баяндадым. Рефератыма өзім еңбек ететін кеңшардың күріштен мол өнім алуудағы іс-тәжірибесін, еңбек ұйымдастырудағы жұмыс жолдарын, түрлі экономикалық жетістіктерін және күріш шаруашылығындағы қиындықтарын, арнаулы техникалар мен кіші механизмдердің жоқтығын, отандық тұқым, тынайтықшы себетін селжа мен жер өңдейтін соқаның, жер тегістейтін құралдардың күршіске арналмағандығын жеткіздім. Осы мақсатта жұмыс жүргізуге ұсыныс жасадым. «Мен ғылыми жетістіктерді өндірістің шешуші буынына енгізіп жүрген практик маманмын» деп сөзімді аяқтадым. Зал ду қол шапалақтап қошемет көрсетті. Бірақ бұл құрмет ұзаққа бармады. Маған сұрақты қарша жауадыра бастады. Қазір олардың аты-жөні есімде қалмапты. Сондағы олардың қойған сұрақтары:

– Біз білетін сіздің облыс топырағы сор-сортаң, табиғи құнар-

лығы өте аз. Ал сіздер кейінгі жылдары әр гектардан 100 центнер үстінде өнім алудасыздар. Осының сыры неде? – деді.

Осындай провакациялық сұрақтар көп болды, оны беріп отырғандар – ғалымдар.

Мен Краснодар өлкесін Кубань өңірі деп атағандай, Қызылорда облысы – Сыр бойы деп аталатын өлке, – деп бастап, табиғат Сыр бойына осы бір бағалы дақылды өсіруге одан мол өнім алуға жағдай жасағанын айттым. Орта Азия республикаларын басып өтетін Сырдария суының күріш дақылы үшін өте тұщы екенін, дақылдың өсіп-өнуіне қажетті минералды, органикалық элементтермен байытылып отыратынын айтып, элементтердің мөлшерінен мысал келтірдім.

– Күрішке ең қажетті факторлар – қорек, жылу, күн сәулесі, одан дақылдың алатын жылу энергиясы, күріштің өсу дәуірінде алатын жылу энергиясы 4000-4500 килокалория, ал кей жылдары 5000 килокалорияға жетеді. Жақсы диқан күріштік жерге техника түскеннен бастап, дақылды қамқорлыққа алады. Сепкеннен бастап су режимін сақтайды. Арамшөптерге қарсы препараттар беріліп, 2 рет үстеп қоректендіріледі. Осындай айрықша күтім арқасында бір түп күріш қосымша 10-12, кейде одан да көп қосымша сабақ салып түптейді.

Түптеген күріштің әрбір қосымша масағы 120-150-ге дейін дан салады. Зябь пен жоңышқаға орналасқан дақылдан осындай агротехникалық талаптар мен ғылыми жетістіктердің негізінде 100 центнер өнім алынады, – деп методикалық дәлелмен көзін жеткіздім.

– Кубань – қара топырақты құнарлы өлке. Жерге тыққан таяқ көтейді. Бірақ өкініштісі сол, сіздерде күріш дақылы өніп-өсу кезінде күн сәулесін, жарық энергиясын ала алмайды. Оның үстіне күріштің гүлдеп масақақ отыру кезінде жаңбыр көп жауып, гүлдері тоғіліп дақылдың масақақ толық отыруына кері әсерін тигізеді. Осыдан да барып дақылдың түптеу масақақ отыру, дан толық пісу кезінде қажетті энергия алу 2500-3000 килокалориядан аспайды. Соның салдарынан өлкеде әр гектардан 62-65 центнер өнім алып келесіздер. Менің бұл пікірімнен Социалистік Еңбек ері, «Красноармейский» кеңшарының директоры Алексей Исаевич Майсторенко келіскен болатын, – деп сөзімді аяқтадым.

Абырты болғанда, менің тұжырымды «Биологиялық мамандарды ұйымдастыру» кафедрасының меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор А.Легкоступ қолдады. Ресезент ретінде рефератымның құндылығына тоқтап, «өте жоғары» баға беріп, ғылыми кеңесте қолдау тапқан болатын. Сол кісілер баға берген рефератым өзімде көп жыл сақталып, кейіннен Күріш ғылыми-зерттеу институтының мұражайына тапсырдым. Қоштасарда институттың аспирантурасына түсуіме, осы тақырыбым келешек ғылыми жұмыстарымның негізі болатынын айттып қолқа салған еді. Елге келгеннен кейін көп ұзамай аудандық партия комитетіне қызметке шақырылып, қол үзіп кеттім.

Социалистік Еңбек ері «Красноармейский» кеңшарын отыз жыл басқарған А.Майсторенконың шаруашылығын аралап, кездесу, пікір алысу, қызылордалық күрішшілерге деген оның жүрекжарды тілегі – өз алдына әңгіме. Бұл да – өткен күндердің бір белгісі.

Рысбай ҚӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер және Халықаралық Жазушылар одақтарының мүшесі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
- ✓ кепілсіз
- ✓ алты жылға дейін

ОҢАЙ, ҮҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС

вход на сайт

1 000 000 ТГ дейін

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе
төл. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
Все подробности на сайте everestfinans.kz

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

БРИФИНГ

Байланыс нығаюуда

БҰҰ-ға еліміз 1992 жылдың наурыз айында мүше болды. Содан бері еліміздің сыртқы байланысы нығайып, инвестиция тарту жолға қойылды. Жыл сайын Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдаудың шетелдік және отандық инвесторларды тарту міндетін жүктеуде.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Жанар Берденова еліміздің шет мемлекеттермен сыртқы байланысы туралы баяндады.

– Мемлекет басшысы 2025 жылы жалпы ішкі өңірлік өнім көлемін 30 процентке жеткізу міндетін жүктеді. Осы мақсатта Үкімет тарапынан өңірлерге қойылған арнайы тапсырмалар бар. Біздің облысқа алдағы бес жыл ішінде 5 триллион қаржы инвестиция тарту міндеті көзделді. Биыл өңірге 186 млрд теңгеден аса инвестиция тартылды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,1 процентке артқан. Нақты кезеңде аймағымызда өңдеу өнеркәсібі саласында 40-қа жуық экспорттаушы кәсіпорын жұмыс істейді. Биыл облысқа Литва Республикасы елшілігінің делегациясы, мамыр айында Өзбекстан Республикасының Бас консулы, қыркүйекте Корея Республикасы Бас консулының іссапары ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Қызылорда қаласы және Франция Республикасының Ножан-сюр-Марн қаласы арасында бауырлас-тық байланыстар орнату туралы келісімге қол қойылды.

Бұл – Қазақстан мен Франция арасында саяси және мәдени саласындағы ынтымақтастық нығайтып отыратын тарихи байланыстардың айқын көрсеткіші. Алдағы уақытта экономикалық даму сипаты біздің өңірге уәкес Корея Республикасының Чоллабук-до провинциясымен меморандум жасау көзделуде. Осындай іс-шаралар шет мемлекеттермен өзара ынтымақтастық одан әрі нығаюына және сауда-экономикалық байланыстардың дамуына зор серпін беретіні сөзсіз, – деді ол.

«СБ» ақпарат

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

Қызылорда облысы Полиция департаменті төмендегі көрсетілген бос лауазымдарға іріктеу жұмыстарын жүргізетіндігі жөнінде жариялады

Орта басыы құрамы бойынша:

– Қызылорда қаласы Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі патрульдік полиция батальонының қызмет инспекторы, **С-SSP-8 санаты бойынша – 7 бірлік;**

– Қызылорда қаласы Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі ювеналды полиция бөлімшесінің көмелетке толмағандар істері жөніндегі уәкелік полиция инспекторы, **С-SVR-8 санаты бойынша – 5 бірлік.**

Қатардағы және кіші басыы құрамы бойынша:

– Қызылорда облысы Полиция департаменті ғимараттарды күзету бөлімшесінің полицейі, **С-SV-12 санаты бойынша – 3 бірлік;**

– Қызылорда қаласы Полиция басқармасы патрульдік полиция батальоны кавалерия бөлімшесінің полицейі, **С-SV-12 санаты бойынша – 2 бірлік;**

– Қызылорда қаласы Полиция басқармасы патрульдік полиция батальоны кинология бөлімшесінің полицей-кинологі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Қызылорда қаласы Полиция басқармасы ғимараттарды күзету бөлімшесінің полицейі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің тылдық қамтамасыз ету тобының старшинасы, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

– Арал ауданы полиция бөлімінің ақпараттандыру және байланыс тобының техникі, **С-SV-12 санаты бойынша – 1 бірлік;**

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Кеше Қазалы ауданының орталығы – Әйтеке би кентінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен жастар арасындағы XV дәстүрлі халықаралық турнир басталды.

Байрақты бәсекеге Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қаласы және еліміздің өзге де облыстарынан келген 200-ге

Халықаралық турнир басталды



тарта балуан бозкілемде бақтарын сынауда.

Турнирдің ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет құттықтау

сөз сөйлеп, өскелең ұрпақ үшін дүбірлі доданың маңызы жоғары екенін атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек

Көшербаевтың жеделхаты мен облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың «Құттықтауын» жеткізді.

Мұнан соң Қазалы және Арал аудандарының құрметті азаматы Айтбай Көшербаев, жастар арасындағы грек-рим күресінен ұлттық құраманың бас бапкері Нұрым Дүйсенов лебізін білдіріп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Елге еңбегі сіңген арда азаматтарын туған жердің халқы ұмытпақ емес. Мемлекет және қоғам қайраткері Е.Көшербаевты еске алуға арналған халықаралық сайыс биыл 15-мәрте ұйымдастырылып отыр. Айта кетейік, байрақты бәсеке Әйтеке би кентіндегі №17 ауданының олимпиадалық резервтік мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде өтіп жатыр. Аталған турнир 24 қазанға дейін жалғасады.

«СБ» ақпарат

ОЙ-САНА

Мәдениет терроризмге тосқауыл бола алады

Терроризмнің түп-төркіні – саяси саудаласу немесе діншіл сектанттар ғана емес. Бұл қорқынышты ұғымның ең түбі жан дүниесінде мейірім сезімі жоқ соқыр сенімнің көзін табылады. Дүниедегі сәт сайын орын алатын түрлі оқиғалар, түсініксіз қақтығыстар адамзат баласының мәдени санасының деңгейін көрсетеді. Мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекеттің тізгіні тым босаңсып кеткен кездерді де көрдік. Оның мұнан әрі де жалғаса беру қаупі бар. Мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да терроризмге қарсы түрлі қарсылық тәсілдер, ауқымды шаралар қолдану арқылы түбегейлі тосқауыл жасалды деп айта алмаймыз.

«Ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген қазақ даналығы басы ашық талай мәселенің жарасы мен себебін айқындап тастағандай. Иә, қоғамда қайшылық тудыратын түрлі мәселелердің түп төркіні отбасындағы бала тәрбиесіне әкеліп соғары белгілі. Ата-анасы мен өскен ортасынан әдепті, білімді, тәрбиелі болып өскен бала үлкен өмірге араласқан шақта қисынсыз қылмыстар мен жан түршіктіретін терроризмдік әрекеттерге бармайтыны сөзсіз.

Ақпарат беттеріндегі түрлі жаға ұстатар оқиғалар мен адам сенгісіз жауыздықтарды көріп, бүгінгі қоғамның әр нәрсеге еті үйреніп қалғаны тағы бар. Бұрынырақта «Мына елде лаңкестік оқиға орын алды, анау жерде қылмыс болды» десе, денеміз тітіркеніп, жанымыз ауыратыны бар еді. Ал, қазір бұған көзіміз үйреніп, құлағымыз төселіп жаны кеткен сияқты. Себебі, бүгінде ондай оқыс оқиғалар әдеттегі ақпарат пен күнделікті әңгімеге айналып кеткен.

Осынау адамзат баласының бойына жабысқан «салқынқандылық» пен жауыздық қоғамның да санасына сіңіп қалғандай. Соның салдарынан жақындарымыз бен көмекке мұқтаж жандарды да елемейтін болып барамыз. Бұл кеселдің емі қандай? Осы сұрақтың жауабын жаппай қоғам болып іздеуге көштік.

Ықылым заманнан қазақ баласын бір ауыз сөзбен тәрбиелеп, ақыл-ойы дамыған, сөз қадірін өз қадірі тұтқан ұрпақ өсірді. «Күнделікті тұрмыстағы мәдениеті» ұғымы қазақ отбасында үлкен қызмет атқарды. Бүгінгі күннің кеселі де сол – сананың мәдени таяздығы, түрлі теріс әрекеттерге барып, қоғам тыныштығын бұзатындар осы деңгейдегілер. Шығыстың ойшылы, философ Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген, яғни, адами құндылықтардан, тағылымды тәрбиеден ада берілген білімнің адамзат мүддесіне қызмет етпейтінін ерте заманнан-ақ белгілі болған. Ал, тәрбие мен мәдениет – егіз ұғым. Қоғамдық мәдениетті құрастыратын – жекелеген адамдардың мәдени құндылықтары. Кез келген мемлекеттің байлығы мен қазынасы халық екенін ескерсек, сол халықтың байлығы – оның адами құндылықтары, мәдени-рухани деңгейі. Тіл байланыс құралы болғанымен, оны пайдалы әрі жақсы қарым-қатынаста пайдалана алмау тағы да мәдениетсіздікке әкеліп соғады. Бір елде мәдени көкжиегі кең, рухани толысқан адамдар өмір сүрсе, ол елде қоғамдық қақтығыстар мен терроризмдік, қылмыстық әрекеттер мүлдем болмас еді. Себебі, рухани байлық материалдық байлықтан бір саты жоғары тұрған қоғамда өмірге деген көзқарастар өзгеше

болып, адами құндылықтарға қайшы оқиғаларға орын қалмайды.

Тату-тәтті көршілер

шыр бұзбаған,

Бірге тоңып суықта,

бір мұздаған.

Бір жаманы – сонда да

үй салмаған,

Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған, – деген өлеңінде Қадыр Мырза-Әлі қазақ қоғамындағы мәдениетті дәріптейді. Демек, түрмесі жоқ елдің мәдениеті биік. Бір заманда біздің қазақ халқы – обал-сауаппен, ар-ұятпен, ағайындық сүйіспеншілікпен тіршілік еткен, жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған. Бұл – ұлттың ұстын мәдениеті.

Біздің қоғамды артқа тартып, түрлі қайғы-қасіретке себепкер болатын лаңкестік, қылмыстық оқиғаларға темір тормен тосқауыл қоямыз деген түсініктен бойымызды аулақ ұстауымыз маңызды. Себебі, «Ауруына ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген даналықтың түпкі мәніде тек тән ауруы туралы емес, мұндағы мағынада қоғамдық кеселдің де кесірінен құтылу жатыр. Ал, ауырмаудың жолы қандай? Амал біреу – қылмыстың алдын алып, жолын кесу. Бейкүнә жандардың тағдырын сақтаудың тәсілі де – осы. Ол үшін қоғамдық ем жүргізу қажет. Сіз бен біздің іздеген еміміз де сол – мәдениет.

Иә, мәдениет ұғымы қоғамдағы барлық проблемалардың шешімі десек те артық емес. Себебі, мәдени толысқан адам қылмысқа бармайды. Оның жаны мен тәніне адами қасиетті сіңіретін де сол мәдениет. Жаны жақсылық пен жасампаздыққа құмар, сұлулық пен әсемдікті сүйген адам қиянат пен жаманшылық ұғымдарын сіңіре алмайды. Ал, сол мәдениет мәйегін бала күннен бойына егіп, ұрпақты рухани азықтандыру – әр ата-ана мен кез келген ортаның басты міндеті.

Бүгінгі күннің жағымсыз ақпараттарын сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде тоқтатар дауа қоғамды мәдени байыту болса, сол дауаның дәрігері – мәдениет қызметкерлері. Мемлекет тарапынан мәдениет саласына қарқынды қолдаулар жасалынып, мәдени мұрамызды, өткен құндылықтарымызды жер-жерден жинадық, ғылыми дәлелділік, кітап бетіне түсірдік. Енді мәдениет қызметкерлерінің алдында жаңа белес, айқын міндет тұр. Ол – қоғамды мәдени азықтандыру.

Мәдениет – ең абзал, ерекше бекзат ұғым. Әр аймақта, ауылдар мен әрбір отбасында мәдени сана, ұлттық болмысымыздың қалыптасуы – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесінің бірі екені анық. Рухани жаңғыру бағытында арнайы заңдар қабылданды, алайда, біз көп жағдайда оны бұрынғы істеп жатқан ісіміздің маңдайына жалаулатып қоюмен шектеліп жүрміз. Рухани жаңғыру – біз айтып отырған ұлттық сана мен ұлттық мәдениетпен қауышу. Оның осындай сипатын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – деген болатын.

Демек, біздің ертеңгі келбетіміз бүгінгі мәдени-рухани тың идеяларымыз бен жаңа бастамаларымызға тәуелді.

Қонысбек МӘЛІК,
облыстық халық
шығармашылығын дамыту
және мәдени-продюсерлік
орталығының маманы

Қыз қызғалдақ – ән ғұмыр

Кеше ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ҚР Еңбек сіңірген артисі, “Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері, республикаға белгілі әнші Күләш Қалымбетованың шығармашылығына арналған облыстық әншілер байқауы өтті.

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйіндегі Қазалы ауданы әкімдігімен бірлескен шарада өнер адамының тағылымға толы өмір жолы мен шығармашылығы жайлы бейне-ролик көрсетіліп, байқау жеңімпаздары марапатталды.

Сыр бойындағы қасиетті өнердің туын жықпай келе жатқан Күләш Жантемірқызы 45 жылдан бері әсем әнімен халық ықыласына бөленген.

– Қазалының қазіргі Бекарыстан би ауылында туып-өстім. Азаматтар менің шығар-



машылығма арналған байқау ұйымдастырып, соның қорытындысын жариялауға жиналып отырмыз. Барлық қолдаушыларға алғысым шексіз. Бұл – маған ғана емес, өнерге деген құрмет. Конкурс нәтижесінде ізімнен ерген өнерпаздардың, кейінгі

буынның талпынысы қуанып отыр, – делі әнші К.Қалымбетова.

Кеш барысында Қазалы ауданы әкімі М.Оразбаевтың арнайы алғысын аудан басшысының орынбасары К.Назымбеков жеткізді. Сондай-ақ Бекарыстан би ауылының әкімі Қ.Құрманбаев

пен ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы Қ.Бекжанова туған жердің ыстық сәлемін айтып, құттықтау сөз сөйледі.

Өнер бәйгесіне 20 талапкер қатысқан. Байқауда 8 әнші жүлделі орынға ие болды. Бас жүлде Қазалы ауданынан келген Айнұр Қарлыбайға берілсе, бірінші орынды Арал қаласынан келген Назерке Сәрсенбаева алды. Ал екінші жүлдеге қос қызылордалық Арайлым Қуаныш пен Сымбат Шәймерден лайық деп танылды. Өнер додасының үшінші орны үш өнерпазға берілді. Олар – Қармақшы ауданынан келген Наргиза Ерланқызы, Қазалы ауданы Бекарыстан би ауылының әншісі Арайлым Сақытбай және шиелікті Меруерт Дүйсебай. Өзіндік орындаушылық қабілетімен көзге түскен сырдариялық Ақзираш Сүлейменоваға арнайы жүлде табысталды.

Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ

Күн сүйген күміс дән



Биыл Сыр диқандары 83570 гектар күріш егіп, 59,8 центнерден өнім алды

«МАҒЖАН И К» ЖШС сапалы әрі мол өнім алуға болатын күріштің «Элита», «1-репродукция» және жоңышқаның «Жетісулық жергілікті», «Түркістан-15» тұқымдарын ұсынады.
Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86.
E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG

(10-1)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Байқоңыр» ӘКҚ» АҚ» Қызылорда облысының кәсіпкерлік субъектілеріне тауық жұмыртқасы (1 санатты) тауарының бағасын тұрақтандыру үшін займ алуға шақырады. Займ бойынша ақпаратты www.spk-baikonur.kz сайтынан алуға болады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА**

Редация мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 26175

Тапсырыс №1545